

1 2016
1731

Алма ТҮСІПБЕКОВА



Ақ қанатты
нөхіштем

Алма ТУСІПБЕКОВА

Ақ қанатты періштем



ЖША Алматы
2015 **Нұдан**

УДК 821.512.122-1

ББК 84 Каз 7-44

Т 21 Т90

Т 21 Түсіпбекова А

Ақ қанатты періштем: - Алматы: "Үш Қиян", 2015.
- 160 б

ISBN 978-601-7194-29-1

Автордың жыр сүйер қауымға ұсынып
отырған бұл екінші жинағы. Өлең жолдарымен
өрілетін ішкі толғаныстар, сыршыл сезім
иірімдерінен өз бағытын айқындаپ үлгірген
жас ақынды көріп отырмыз. Алманың тақырып
аясы кең. Шынайылықта үндейтін өлеңдері
қалам иесінің өз болмысын көрсеткендей.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

УДК 821.512.122

ББК 84 Каз 7-44

ISBN 978-601-7194-29-1

© Түсіпбекова А., 2015

«ШЕҢБЕРДЕН» ШЫҚ! АЛМА АҚЫН

Намысты қайраған қиясы,
Тарихы теренде тұңғиық.
Ұлытау ұлтымның ұясы,
Қадірі қашаннан тым биқ.

Іә, ұлтымыздың ұлы перзенттеріне бесік болған Ұлытаудың топырағында талай дарын дүние есігін ашқан. Қасиетті мекен, қастерлі өлке қашанда талантқа кенде болмаған. Сол ұларды Ұлытаудан шыққан тағы бір ақын қарындасымыз өлеңсүйер, жырсүйер жамағатты қалам қарымымен қуантып келеді. Ол жоғарыдағы жыр жолдарының авторы – Алма Тұсінбекова. Оқырман қауым Алманың өлеңдерімен облыстық, республикалық басылымдар арқылы жаксы таныс. Бұған дейін бір кітабы жарық көрген Алма бүгінде «Ақ қанатты періштем» атты екінші жыр жинағын ұсынып отыр.

Өлең өлкесінен өзіндік жолын тапқан қарындасымыз шын мәнінде айтары бар ақын. Олай деуімізге қолымызыдағы осы жинақ күә бола алады. Жинақтың тақырып аясы кең.

Сезімімнен кеткендей сырт өмірге,
Оралмайды осы күн жыр көңілге.
Жан бағудың қамымен осы күні,
Барамыз ба, айналып құлтемірге?

Бұл бір Алманың басындағы жағдай емес. Талай ақын тірелген тығырық. Ал, бұл тығырықтан нағыз ақын ғана шыға алады. Нағыз ақынның

өлеңсіз өмір сүруі қын. Адамдарды сезімсіздікten сактайтын да ақын емес пе?! Міне сол абыройлы міндегі Алма өз мойнына алыш отыр. Адамдар күлтемірге айналып бара жатқан мына заманда ақын қарындасымыз:

Таңдал альп көріктің ең қызыуын,
Осы сенде керек-ау мен бұзуым.
Саналының керек-ау санасына,
Бағдарлама адами енгізуім,-дейді.

Өлең – ақын жанының айнасы болса, біз өлеңдері арқылы Алманың жанының мөлдірлігін, кіршіксіз тазалығын сезінеміз. Шынайы поэзияның өзі жаны таза, ары таза адамнан туады емес пе. Мөлдірлікті, сұлулықты аңсау ақын үшін қалыпты жағдай. Бірақ, «бұлбұлдың да жемсауы бар» дегендей, ақын да адам. Оған да тіршілік ету керек. Сондай сэттерден шаршағанында жазған «Шенбер» деген өлеңі де ақын жанының айнымас суреті іспеттес.

Күйкі тірлік басқа салған ноқтасын,
Жол қылғанмын қызмет пен отбасын.
Тірлігімнен тірнек іздең мен келем,

Шиқылдатып шенбер-есік топсасын,-деп
басталатын өлеңі:

Бойларында шыдам қалмай қасық қан,
Нөпір адам жұмысына асыққан.
Ерке Есіл де ағып жатыр асығып,
Күні кеше көңілімді тасыткан.

Кү күлқынның қамыменен сенделгем,
Тірлік осы - тақияма тен келген.

...Өзгелерге өзеуреймін мен неге,

Шыға алмаймын өзім осы шенберден,-деп
аяқтайды. Шенберден шығу ақынның міндегі.

Шығуға талпыну ақындық ұмтылыс. Алманың осы бір өлеңін ақындық мінез деп білемін.

Кезінде Мұқагали Макатаев Фариза Онғарсыноваға: - Шеңберден шық!-деп бір ғана сөз айтқан екен. Мұқагалидың аманатын орындаған Фариза апамыз шеңберден шықты...

Біз де поэзия әлемінен өзіндік орнын табуга бел буған Алма қарындастырызға Шеңберден шық деп тілек айтайық. Шеңберден шығуына тілеулес болайық.

*Галым ЖАЙЛЫБАЙ,
Ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының лауреаты*



ӨМІР ТОЛҚЫНЫ

ЖУРГЕСІН ТІРІЛЕРДІҢ ТІЗІМІНДЕ...

немесе Африкалықтың арзуы

*Африка тайпасының түргындары аштықтан
әлсіреуде. Ішер ас пен киер киімге жарымагандар
кункөріс пен қара қазанның қамы үшін Үндінің
солтустігіне келіп, өздерінің бүйректерін сатқан.*

Баспасөз материалдарынан

Қарасаң қарай бергін маған күліп,
Танытқан түрім осы – табандылық.
Көп болды рухымның өлгеніне,
Шаршады сыртым менің аман жүріп.

Сағым бол кетті алысқа аңсаған күн,
Тірліктен тірнек іздең шаршағанмын.
Жүргесін тірілердің тізімінде,
Мұрдесін көміп келдім қанша адамның.

Басыма бақыт қонып бір еңселі,
Түнектей тірлігіме күн ерсе еді!
...Құдайдан сұрап алған жалғызыымның
Аштықтан дірілдейді тілерсегі.

Әрі асып кете барған сауық қырдан,
Кедейлік!
Қамытыңды қауіп қылғам.
Жаны бар кеудесінде жарым – анау,
Жапырақ абыройын жауып түрған.

Келетін күндеріме сеніп ұдай,
 Көрмеп ем, тура жолдан кері құлай.
 Несібе тарагтыңыз – өзгелерге,
 ... Несіне жараттыңыз мені, құдай?!

Толғанмен тұнектейін тұн құдікке,
 Байшыкеш көңіліне мұң кіріп пе?
 ... Тірлікті ел істеген мен де істейін,
 Сатайын бүйрекімді – үнділікке!

Құдайым!
 Көк желкеден түйреп келген,
 Алғысым шексіз саған – бүйрек берген!
 Бүйректі аламын да осылайша
 Лақтырам тағдырыма – иректелген.

Жаныма өспесі анық енді гүлдің,
 Көп еken көлеңкесі кемді күннің.
 Ар-ұят, иманы жоқ бұл тірліктің,
 Жоқ еken бүйрегі де.
 Енді білдім.

Мен кейде ой-өзенге қосыла ағам,
 (Деп жүрме – «ойы неткен тосын адам?»).
 Бүйрегім – ар боп кетсе адамзатқа,
 Берер ем жүрегімді қосып оған!

Болсаңыз елден асқан ақылды адам,
 Жұмбақтың айт жауабын, батыр, маған:
 Ет кесіп денесінен, пұлдауда адам,
 Тірлікте не қалды енді сатылмаған?..

«...Әрине біз сендерді топырақтан, соナン соң жыныстық тамшыдан, кейін үйыған қаннан, тағы бейнеленген, бейнеленбеген кесек еттен өздеріңе тектеріңді білдіру үшін жараттық...»
(Құран, «Хаж» сүресі. 22: 5 аят).

«Соナン кейін оны жатырда тұратын тамшы қылдық. (13)» (Құран, «Мұминун» сүресі. 23: 13 аят)

ЭМБРИОЛОГИЯ

Тағдырын-ай, тамшының!
Мына әлемнің жиып алған сан шығын.
Мінезі бар өрімінде – қамшының,
Өреліге өмір берген бал-шырын.

Жаралған соң тамшыдан,
Санамда отыр, «Сабыр» деген қаршығам.
Тамшы-үмітті талғажау ғып тірлікте,
Арманымның арналарын аршығам.

Бар болса да байлығың мен қанша ісің,
Жаратқанға жалғыз ғана тамшысың.
Жаман болсаң – көңгे сіңген сузың да,
Жақсы болсаң – ізгілікке жаршысың.

Мандайдағы – тарыңдай бақ, тамшы мұң,
Тамшы-ғұмыр, салмағыңмен жаншыдың.
... Тамшы тамбай тірлігіме бір түйір,
Сарша тамыз, сарғайттың-ау!
Қаңсыдым.

Сенгір-ұміт, селдіреме.
 Сенемін,
 (Мен де өзімше жақсылармен тең едім).
 ...Тамшы болып келдім мына өмірге,
 Кімге тиді, тамшыдайын көмегім?

Аспанымнан төніп тұрған бұлт, ауши,
 Санам менін!
 Сезіміммен бұрқанышы!
 ...Тамшы-ойларым айналғанда теңізге,
 Жанараймнан тамып кетті бір тамшы...

Кия беттен қадағанда ар сұғын,
 Арқамнан кеп осып өтті қамшы-мұн,
 ... Жанарайнан шығар ма екен тамшы жас,
 Астында қап өліп кетсем тамшының?..

ҰМАЙ АНА, ҰШЫҚТАШЫ ГҮЛІНДІ...

Астаналық жезөкшелер үкіметке өтініш жасады. Қыздар шенеуніктерден кәсіпперін заңдастырып беруді талап етуде. Тұнгікөбелектерде мемлекетке салық төлеп, қартайғанда жұрт қатарлы зейнетақы алғысы келеді екен. Қызметімізден қазынага табыс түсіріп тұрса, жүзіміз жарқын және европадағыдан еркін еңбек етеп едік дейді...

kaz.gazeta. порталынан

Гүл ме бұлар, көбелек пе?
 Білмедім.
 Содан кейін өзімді іштей тілдедім.

Ішкен асым ірің болып сол күні,
Көмір болды – күлгенім.

Маңдайымды тұрған сәтте сүйіп құт,
Ар болып ед – біздегі ұшар биіктік.
... Тұнді адақтаپ, тәнін сатқан сендерді,
Мен қалайша мақтанайын сиық қып?

Алыс қашып ақ арманың аңсатқан,
Тірлігіне разымысын, тән сатқан?
Бабалардың тимеген бе батасы,
Ар жолында шыбын жанын қарсы атқан?

Тектіліктің аңсауменен теренін,
Откеніме өксуменен келемін.
Қара көзді қыздарыма қонса екен,
Өнегесі Ұлжан менен Зеренің.

Айтқанымды деп ойласаң – ұғайын,
Ақылымды аларсың ба құп, айым?
Томиристің қайсарлығы қайда екен,
Айша бибі анам қайда, құдайым?

Қыып тастап арқандағы бұрымды,
Ұмыттың ба, ата салтын бұрынғы?
... Кесірліктің кебініне оранған,
Ұмай ана, ұшықташы гүлінді.

Атар ма екен, алдымыздан күн ерен?
Сені көрсем – қара бұлттай түнерем.
... Иманы жок, тәнін сатқан тірлікке
Қалам емес, қанмен жаздым бір өлең!..

... ӨРКӨКПРЕК ӨРКЕНИЕТ ҒАСЫРЫ немесе «РОБОТТАР» ЖАЙЛЫ...

Тарихта алгаш рет Жапонияда роботтардың үйлену тойы өтті. Фройс атты робот пен андроид-келін Юкирин отау тікті деп жазады Demotix порталы.

Салтанатты шарага роботтарды жасап шығарған Маява Денки қатысып, «бойжеткенді» күйеуге ұзатты, деп хабарлайды 24.kz. Үйлену тойы Токионың халық көп орналасқан суданында өтті. Аталған шарага жиналған адамдар мен роботтардың санында шек болмады, деп жазады

Газета.Ru.

Интернет материалдарынан

Келе қоймас мына жағдай ойға шақ,
Сала бердім, жабырқаңқы күйге еніп.
Жапон елі жатыр бүгін той жасап,
... Роботтар «бас косыпты», үйленіп.

Көп болмаған мынадай той, асылы,
Ағыл-тегіл ақ дастархан, көп қонақ.
... Өркөкірек өркениет ғасыры,
Адамзатты алған екен нокталап.

Салатұғын әр сәт сайын бір атой,
Адамзаттың асқан не бар ойынан?
Құлтемірлер «бакыт тапқан» мына той,
Жұлдыздардың кем болмады тойынан.

Сезімдерім...
Санамда әр кез сыр қалар,

Қайтем енді?

Жылаймын да күлемін.

... Атағымен жер жаратын тұлғалар,
«Екі жасқа» актаруда тілегін.

Сырымды айтам, сенгеннен соң ақтарып:

Қалтырадым, басқаннан соң ойым шық.

... Мәз болады шығыс елі шаттанып,
Үйленуді қылып алыш ойыншық.

Еңсені езген ауыр оймен күнелтем,

Қонар ма екен, бұл тірлікпен, сірә, құт?

Қызық айтам:

Таң қалмаңыз күні ертең,

Қызыңызға құда түссе – робот!..

СЫҒАННЫҢ СЫЗЫП БЕРГЕН ЖОЛЫМЕНЕН

Алған емес осы бір қала тыным,
Вокзал басы.

Ел деген – қаракұрым.

Сыған отыр, астында – сынық тақтай,
Астына алыш баласын қанатының.

Қолында ма, бар елдің болашағы?

Сыған отыр.

Кәсібі – бал ашады.

Біреулердің көңліне көктем сыйлап,
Төндіреді біреуге – қарашаны.

Сағыныштың сарнатып сары атанын,
Армандай ма, бакыгтың дара таңын?
... Сары көллекті мына бір сүйріктей қыз,
Тосады кең сыйғанға алақанын.

Сүйрік-қыздың тыңдал ап сұрағын кіл,
Сөйледі ол кеп.

Сөзіне құлағың тұр.

- Бір жағында – қайғының қайраны да,
Бір жағында – бақыттың бұлағы тұр.

Қайғының кер бестісін тұсадың да,
Бойынды беріп жүрсің күш- ағынға.
Шаттықтың шарабына мас болуда,
Сүйгенің

бір сұлудың құшағында...

Үркіпті бақыт құсы кас-қабактан,
Жазды ұмыт.
Енді ылаңын бастар ақпан.
Бұл қала бола алмайды қуанышын,
Іздей бер бақытыңды басқа жақтан.

... Тағдыры бергені ме сорына – дем?
Бойна сосын ... ие болып әрең,
Сүйріктей сүйкімді қыз кете барды,
Сығанның сызып берген жолыменен...

МЕН – ЖЕҢІСПІН!..

Бар әлемді жеткенмін сағындырыш,
 Мен – Женіспін!
 Қол жеткен табындырып .
 Мына менің мәңгілік рухыммен,
 Арайланып атады таңың құліп.

Отан үшін жүргім ауырған мың,
 Мен – Женіспін!
 Баһадүр Бауыржанмын!
 Ел – жер үшін, тілім мен дінім үшін,
 Қарсы тұрғам бәріне – дауылдардың.

Отан үшін мылтық боп оқталыппын,
 Мен – Женіспін!
 Төлеген Тоқтаровын!
 Жауға бермес намысты ерке ұлымын.
 Бейбітшілік сүйетін көп халықтың.

Шуақ алған жанына жарық күннен,
 Мен – Женіспін!
 Габдуллин Мәлікпін – мен !
 Тыныштықтың қадірін-қасиетін,
 Тереңінен тарихтың танып-білген.

Бар бақыттан қашаннан, білгем, биік,
 Мен – Женіспін!
 Талғатпын, Бигелдинов!
 Бейбітшілік құстары – көгершіннің,
 Қанқұмарға қашаннан жасынмын мен,
 Мен – Женіспін!
 Кайсенов Қасыммын – мен!

Бейбіт ғұмыр кешуді қалаймын мен,
Өзім өмір сүретін ғасырыммен.

Қос арнасы батылдық – дарияның,
Мен – Жеңіспін!
Мәншүкпін, Әлиямын!
Намысы үшін от кештік, сыр бермедік,
«Қазақ» деген қамкөңіл қарияның.

Сынақ жүрсе түбінде саналы ардың,
Келер әлі, өткенді жағалар күн.
Мен – Жеңіспін!
Мәңгілік арманымын,
Құлыны өлген соғыста – аналардың.

Естігенде қазасын есіл ердің,
Бақытының шыт бөзі тесілер мың.
Мен – Жеңіспін!
Көңілі – қырық құрақ,
Жанарының жасымын – жесірлердің.

Көрген олар көкесін – кетілгеннің,
Күн тұтылған, намысқа бекінген күн.
Мен – Жеңіспін!
Сағымды сағынышы,
Әлі күткен әкесін – жетімдердің.

Осылайша жеткенмін сағындырып,
Тыныштыққа баршаны табындырып.
Мына менің мәңгілік рухыммен,
Арайланып атады таңың құліп.

Улken-кіші тегіс бас ием деген,
 Көңіліңе менсіз бір күй енбеген.
 Мен – Жеңіспін, арымын Адамзаттың,
 Мен – Жеңіспін !
 Қасиет, киен де – мен!..

Көңіліңе менсіз бір күй енбеген.
 Мен – Жеңіспін, арымын Адамзаттың,
 Мен – Жеңіспін!
 Қасиет, киен де – мен!..

ҰҚСАСТЫҚ

Жылап аққан сылдырындай жылғаның,
 Тұсінемін тірі жанда сыр барын.
 ... Байқап қалдым, қоқыс терген әйелдің
 Гүлге қарап, мұңға батып тұрғанын.

Жүдеу өнді, төменшіктеу назары,
 Ерте көшкен секілді өмір-базары.
 Қайыршының күнін кешкен сол жанның
 Қоқыстағы гүл дестеде – назары.

Гүлге оранған күн түсе ме есіне,
 Гүлге сонша тесіледі несіне?
 Солған гүлге сонша қарап тұрғанша
 Кешкі асына іздемей ме несібе?..

Құлы болған жан ба еді, әлде, тенгенің,
 Қатал тағдыр салған, сірә, шенгелін.
 Тағдырының тайқы ма екен тақтасы,
 Сұрқай-өмір ерте алды ма сенгенін?..

Бақытының шыт көйлегі тозгасын,
Сезген сәтте тағдырынан озбасын.
Өткен күндер тілгілеп бір өзегін,
Жертөледе сыққан болар көз жасын.

Санасында – сағым болған сая-бак.
Гүл дестені жақынырақ таяп ап.
Өткен күнін – көктем күнін сипайды ол,
Тілімденген қолдарымен аялап.

Құлақ салсаң сырға толы сөзіме,
Бір ойды анық ұялаттым өзіме:
Солған гүл мен сол эйелде ұқсастық,
Бар секілді көрінгені көзіме...

АҚ ҚАНАТТЫ ПЕРИШТЕ!

Жаратқаннан жеткен маған құс па едің,
Мейірімнің биігінен тұспедің.
Жазылмауға хақым менің жоқ, білем,
Жанға шипа, дертке дауа күшті емің.

Мекен етіп аурухана төсегін,
Күн санадым, қауіпті бол кеселім.
Ертеңіме қол создырдың сонда сен,
Пейілінді табаныма төседің.

Дергі болған, сан қиналған кездерім,
Мына өмірден шұғыланы сезбедім.
...Дәрігерді дем беруші десе егер,
Сөздеріне сенем енді өзгенің.

Таусылды деп талғажауым тірлікте,
Көз тіккенім – көкжиекте бір нүкте.

Дәрігерім, араша боп жанымға,
Қасіретті құған едің құндікке.

Кездерімде шыбын жаным қиналған,
Жанарымның шарасына сыйды арман.
Сенің емің, қайрат берген сөздерің,
Маған – өмір, тірлік болған, сый болған.

Деп ойлаушы ем: Қүйредім де, жайрадым,
Жігер бердің, намысымды қайрадың.
Қайта оралып елес болған ертеңім,
Үмітімді үкіледім, сайладым.

Дертті болып, жиналғанда шер ішке,
Жақсы адамдар қолдаса егер – теріс пе?
...Ақ желеңді абзал жандар гайыптан
Жарқ ететін ақ қанатты періште!..

СҮЙЕКТЕН СОҚҚАН ҚАЛАШЫҚ

Адамның бас сүйектерінен салынған қабырға табылды.

Археологтар Мехико қаласының тарихи орталығынан ацтектер дәуірінде адамдардың бас сүйектерінен салынған қабырғаның үстінен тұсті.

Гватемала көшесінде тереңдігі екі метр жерден ұзындығы шамамен 30 метрдей, орталық бөлігінде шеңбер түрінде қойылған бірнеше ондаған бас сүйектері бар тікбұрышты платформа табылды.

Солтустіктен онтустікке қарай орналасырылған қабырға сылақ және плиткамен жасылып, тастармен қаланған. Галымдар 35 бас сүйекті санады, алайда оның саны айтартылғатай көп болуы тиіс делініп отыр. Басым бөлігі – жасаे адамдардың бас сүйектері, деп жазады ТАСС.

Сарапшылар қабырғаның XV-XVI ғасырлар аралығында салынғанын шамалап отыр. Бұлар ацтектер тұтқынга алған жауларының бас сүйектері болуы ықтимал.

Интернет материалдарынан

**Жер – ананың сауырының жарасы бар ак таңдақ,
Уақыт – деген бойтұмарды мойныңа әкеп
тақсан Хақ.**

**Тіршілікте тірілерге жүктелетін аз ба мұң?
Көреріңіз – ақиқат жай, бір Алланың жазғанын.**

... Қалтырадым жаз кезінде, басқандай-ақ
сана шық,

Мехикода табылышты бастан соққан қалашық.

Шыбын құрлы көрмеген-ау, қырган екен халықты,
Қалашықты тастан емес, бас сүйектен салыпты.

Қандай ғана патша екен ол, басқа «жерік»
болған ба?

Сейілдепті кей кездерде бастан салған қорғанда.

Қаталдықтың болады екен осындай да үлгісі,
Бас сүйектер бас салса ше?
Корықпапты бұл кісі.

Өзге түгіл осы біздің өз жайымыз сай ма екен,
Кенесары бабамыздың бас сүйегі қайда екен?

Кенесары бабамыздың басын көрген түсінде,
Шоқан да жоқ, өтті өмірден, айналды да мүсінге.

Түс көріп ем, (жолы болмас пакырмын
ғой, лайым),
Тарихыма ку бас қарап, отыр екен, құдайым!

Замандасым!

Егіле айтқан сөзіме сен құлақ түр,
Махамбеттің бас сүйегі босағада жылап түр!..

... Туган елге тұтқа болған ерлерім-ай, ерлерім,
Мен сендерді басыма емес, жүрегіме жерледім.

Жүрегіме сакташ келем, баға жетпес асылды,
Жаратқанның добы болған қайтесіндер басымды?!

ТОЙ

Жаныма жүр жебір – тірлік жара сап,
 Сыйым қайда, мына өмірден алашак?
 ... «Шақырын» бір танысым берген соң,
 Тойға бардым тартуымды ала сап.

Көпті көрсө көңілі оның таса ма,
 «Қиқулатты» той басқарған асаба.
 ... Қадірлілер тізімінен сзызылып,
 Той иесі қала берді тасада.

Мекерлікті мына өмірдің салты ғып,
 Саналарын жаулап алған жалқы үміт.
 Түйсігінде орын қалмай тәубеге,
 Көркеуделер төрде отырды алқынып.

Жағынатын сәт туғанын ұғынып,
 Жағымпаздар жанталасты жүгіріп.
 Атымтайдай асылдардың ұрпағы-
 Ақ көңілдер қала берді бұғынып.

Айта бермес анау-мынау жайға сын,
 Қазақ ем гой, таныс менің айға атым.
 ... Қасірет кеп иығынан басқанда,
 Қасиетім қыла алмады қайратын.

Ізгіліктің нұрыменен емделген,
 Арқасына асыл мұрат тенделген.
 Тойдан бөлек, тоғайдағы түбірде,
 Ақын отыр.
 Шығып кеткен шенберден.

Ашулымын.

(Мендік міnez сорым ба?)

Тойхана емес, келгендеймін қорымға.

Шанышқымен шұқыладым бір дәмді,

Босағадан маған тиген орында...

ҚЫРАН БОЛШЫ, КӨККЕ ҚАНАТ ҚАҒАР ШЫН

Шаттанғаның – баға жетпес жеңісім,

Сен сүрінбе, сүрінейін сен үшін.

Биіктегіндің бәрі лайық – бір саған,

Жарар маған – еңісің!..

Кияларға қанат қағар қырандай,

Биіктеге ұшпайынша тұра алмай.

Құлқын үшін ерте күнді кеш қылмай,

Ұлтың үшін жүрсең екен ұрандай.

Әділдіктің наркескені – қолында,

Жүрсең екен ақиқаттың жолында.

Адал жанды ақ сарайға апарып,

Арамдарды бағыттағын – қорымға.

Тілің – балдай, шекердейін тәттісің,

Алыстарға құлаш ұрғын, ақ құсым.

Тірлік маған бере берсін ашысын,

Саған берсе болғаны да – жақсысын.

Көңілінде орын болмай күйікке,

Сен жете ғой, мен шықпаган биікке.

...Балапаным, жүрем әр кез сыртыңнан

Сырларыңды байқап, ішке түйіп те...

Ақкөңілсің, балапаным, адалсың,
 Қыран болшы, көкке қанат қагар шын.
 Табаныңа сенің шөңгे кіргенше,
 Мына менің маңдайыма қадалсын!

Өзің тоздыр жақсысын да – киімнің,
 Өзің тоздыр жақсысын да – бұйымның.
 Тіршіліктен тілеп жүріп алатын.
 Бағалысын тілеп тұрам сыйыңың.

Орындалсын арманың мен тілегің,
 Жақсылыққа қоныс болсын – жүрегің.
 ...Мекен еткен сәл мұңдылау жыр елін,
 Асыл анаң – қашаннан-ақ тірегің.

Айналайын, ақ балам!
 Сырларым көп өзіде айтар, сақтаған.
 Жаман болсаң – жер боп жүрем тірлікте,
 Жақсы болсаң – мен өзіңмен мақтанам.

Бір күніңен шуакты боп бір күнің,
 Тамашаға толы болсын тірлігің.
 Жанымды да берер едім сен үшін,
 Сен аман бол, сен аман бол, құлдығым!..

БІРЛІК – ҚАЗАҚ ҰҒЫМЫ

Жалғастырар кешегі мен бүгінді,
 Ақ пейілі – ұрпағына мұра да.
 Қарсы болма, «бірлік» деген ұғымды
 Шығарған ел – қазақ болар, сірә да!..



Бар адамды бауыр деген, дос деген,
Қонағына ошақ оты өшпеген.
Даласынан дарыған-ау кеңдігі,
Пейілі бар, сыры ешқашан көшпеген.

Бабаларым өсиет қып бірлікті,
Ақындары ел достығын жыр қыпты.
«Ала болсақ ауыздағы ас кетер» деп,
Бірлікten соң ойлаған-ау тірлікті.

Үш жүзімнің дуалы ауыз билері
«Бірлік әнін көкірекке түй» деді.
«Бірлік» деді, қазағымның әндері,
«Бірлік» деді, қазағымның күйлері.

Біріккеннің жыры да – бір, әні – бір,
Біріккеннің мәні менен жаны – бір.
Толғау әні токсан тұрлі тірліктеге,
Бірлік озар, бірлік озар бәрібір.

Тектілігін төрткүл дүние танитын,
Даналар – ай!
Айтқан сөзі даритын.
Бұл сөзіме анық дәлел, қарасаң,
Білге қаған, Тонықөктің тарихын.

Өзге ұғымды өз елімнен кім күтпек?
Бауырмалдық биігінде тұрдық тек.
Басқа – басқа, баласының атын да,
Кояды екен бұл казекем «Бірлік» деп!

Жалғастырар кешегі мен бүгінді,
Ақ пейілі-ұрпағына мұра да.
Қарсы болма, «бірлік» деген ұғымды
Шығарған ел – қазақ болар, сірә да!..

ҚАРТ МАЙДАНГЕР СӨЗІ

*Сен құрметте оны!..
Әбу Сәрсебаев*

Ол күндердің қасіретін білер кім?
Адалдықтың ақ аспаны, түнердің.
Шашын жайып, жылады да жер-ана,
Күренітті көкте жүзген күрең күн.

Бейбіт күнде қасиеттің құны кем,
Бір сұмдығың басталды ма, шынымен?
Аспандағы ай мұңайды аулақта,
Қыр астынан ит ұлыды түнімен.

Қайтпаған кез, ешкімнен де десіміз,
(О, туған жер, кінәм болса-кешиңіз).
Аттан түспес ауылдағы сері едік,
Бір-ақ күнде кіргені анық есіміз.

Дүшпандары бес қаруды сайланған,
Отты жылдар оңай болған қай жанга?
Отанымды қорғау үшін, қарағым,
Өз еркіммен сұранғанмын майданға!

Бейбіт күннің көрмеу үшін наласын,
Көрдім солай қан майданның даласын.
Отан-ана!
Өзің үшін от кеңтім,
Келер үрпақ табу үшін жарасым.

Атар таңнан тек тыныштық сұраған,
О, адамдар!

Аман-есен жүр аман.

«Женіс» деген естіп сөзді бір ауыз,
Баладайын еңкілдең бір жылағам...

Тіршіліктің басып көрсөң тамырын,
Айтарсаған талай – талай тағылым.
Қан майданда анық ұқтый мен байғұс,
Тыныштықтың қадірін.

Күл – талқан боп қирап жатқан қалалар,
Анасынан айырылған балалар.
Әлі күнге көз алдымда тұрады,
Өшпейді екен, өшпейді екен санадан.

Айтартымды ұғармысың сен менің:
Ақиқатқа болмайды екен теңгерім.
Көз жеткіздім мен осынау майданда,
Әділдіктің жеңгениң!

Солай, солай, қарағым!

Бейбіт өмір-мендегі емі жараның.

...Женіс күні келер сәтте жыл сайын
Осылайша ойға батып қаламын...

ҚАЗАҒЫМНЫҢ ЕКІНШІ АТЫ – КЕҢ ДАЛА

Тартса етектен наласы,
Бейнетіне төземін.
Пейіліндей даланың,
Қазак неткен кең едін!

Ойы терең теңіздей,
Халқым менің – ең дана.
Қазағымның ең ізгі,
Екінші аты – кең дала.

Тарихына қарасаң-
Тәттісінен тұзы көп.
Тәуелсіздік, санасаң,
Қасиет пен құдірет.

Өзегімді тілгілер,
Откен күннің өкпегі.
Еркіндігім-бір күлер,
Көңілімнің көктемі.

Сілкір көңіл тозаңын,
Сыр ұгарсың таңынан.
Қазағым – ай!
Өз арын,
Биік қойған жанынан.

Әділдік боп – ұраны,
Тұратұғын тау – мұсін.
Адалдықтың тұрағы,
Конактатқан таң құсын.

Жалған сөзді айтпаған,
Намысшылдық, мәрттігі.
Беті жаудан қайтпаған,
Батырлығы – шартты ұфым.

...Тартса етектен наласы,
Бейнетіне төземін.
Пейіліндегі даланың,
Қазақ неткен кең едің!..

ҰЛЫТАУ – ҰЛЫЛЫҚ МЕКЕНІ

Намысты қайраған-қиясы,
Тарихы – теренде, тұңғиық.
Ұлытау – ұлтымның ұясы,
Қадірі қашаннан тым биік.

Төзген сан азапқа,
Еркіндік – өтемі.
Ұлытау – қазаққа
Ұлымлық мекені.

Қарасаң-көз жетпес дархандық,
Кең дала-қазақтың пейілі.
Ұлытау-елдікке қалқан ғып,
Алланың жаратқан мейірі.

Төзген сан азапқа,
Еркіндік – өтемі.
Ұлытау – қазаққа
Ұлымлық мекені.

Шежіре – шерлі әнді шертеді,
Сыр тартып көрсөніз тасынан.
Елімнің ертегі – ертеңі,
Бата алған өзіңнен жас ұлан.

Төзген сан азапқа,
Еркіндік – өтемі.
Ұлытау – қазакқа
Ұлылық мекені.

ЖАРАТҚАННАН ТІЛЕГІМ

Түнектей түн.
Тымырсық,
Ай тақлаған алқасын.
Жанарымнан мұн ыршып,
Жаңғырықтың жартасын
Жалап өтіп,
Өткен күн
Басына ұрды көктемнің.

Жынышдамай жұлдыздар,
Көктен қашып кеткен бе?
Ерімейтін бір мұз бар,
Кейімейтін сөккенге.
Сол мұзымды ал, түнек түн,
Қанжығаңа бөктер де.

Салқын самал сокпаған
Болады екен түн деген.
...Тым кінәмшіл боп барам,
Енді ешқашан үндеңен.

Тәнірінің, құдай-ау,
Талабы ма, бұл деген?..

Біткен істен күтпе дау,
Зор болса да көлемің.
...Осыменен біткені-ау,
Тіршілігім, төлемің?
Қажеті не, құдайым,
Сор жайлаған сөренін?

...Әзің жоқ сол сэттерде
Үгілетін бор едім.
Мінез бердің мұқалмас,
Айналайын, өлеңім!..

Тірліктеңі тірегім,
Жаратқаннан тілегім,
Сен аман бол, өлеңім,
Арқа тұтып жүремін...

ҰЛПА БҰЛТТЫ ЖАСТАНАМ

Бір хабар кеп аспанинан,
Көкке кетем бір күні.
Ұлпа бұлтты жастансам,
Күмбірлер аспан күркірі.

Ібіліспен айқасам,
Өзегінен аламын.
Шайтанменен шайқасам,
Найзаласып қаламым.

Жерден көрсем пенделік,
Найзағайға айналам.
Сезім болып сенделіп,
Қара бұлттан қайғы алам.

Шөлдегенде шерлі әлем,
Жауын болып жауамын.
Нөсер болып мен келем,
Аламын бір сауабын.

Гашықтарды аймалар,
Түнде айдың нұрымын.
...Жігіт жаны жай табар,
Сипап ару бұрымын.

Селт етсін деп ғашықтар,
Жұлдыз болып ағамын.
Күдіретім тасып бар,
Көкте асыр саламын.

...Бір хабар кеп аспаннан,
Көкке кетем бір күні.
Ұлпа бұлтты жастансам,
Күмбірлер аспан күркірі.

Шешпек боп жан салдың,
Тағдырдың сұрағын.

Амал не?
Арманың
Желге ұшты – талғамың.
...Көрерсің тағдырдың
Басына салғанын.

Жігерді шарыққа
Қайрап ал.
Шарықта.
Шүкір де тірлікке,
Жокты іздең зарықпа.

Жігерлен.
Жасыма,
Бақ тіле – қасыңа.
Сонда анық бар бақыт,
Қонады басыңа.

Жігерлен, жасыма...

ТАҒДЫРЫ ТАМШЫЛАРДЫҢ?

Күткенім осы ма, мұн?
...Сауалдан тосыламын.
Жылға едім жылап аққан,
Теңізге тосыламын.

Теңізге – тамшыдаймын,
Биіктен тамшылаймын.

Жанарын сезіміңдің
Тамшы бол сан шылаймын.

Шаршатса күз дерегі,
Көктемнен ізде мені.
Құлақ сал, оған бір сәт,
Оқылсын ізгі өлеңі.

Айналдым, тамшы-ғұмыр,
Санамда салышы дүбір.
Сұр тірлік әрі қашып,
Серпіліп қалсын өңір.

Күткенім осы ма, мұн?
...Сауалдан тосыламын.
Жылға едім жылап акқан,
Теңізге тосыламын.

Сан ойдан жаншылармын,
Жанымды қамшылармын.
...Тұсіме неге енеді,
Тағдыры тамшылардың?..

МЕН ЕШҚАШАН ӨЛЕҢ ЖАЗҒАН ЕМЕСПІН!

Жалтақ болып, жын-қоғамға, азулы,
Жүрмін әлі жетегінде елестің.
Маңдайымда – мендік ғұмыр жазулы,
Мен ешқашан өлең жазған емеспін!

Маңдайдағы шым-шытырық шимайға,
Көз тоқтатар, өзгеретегін күй қайда?

Тағдырымының тақтасында тәтті жок,
...Жаратқаным қинай ма?

Ас мәзірі алдымда тұр – бұрышты,
(Көрсет маган, білер болсаң дұрысты).
Асханада – тәңірінің аспазы,
Мені көріп, тырысты.

Айналайын, тас ғасыр,
Сақтағаның осы ма еді – басқа сыр?
Көрік-кеудем көтеріліп басылды,
Сезді-дағы жазмыштан аспасын.

Ана бір жан, құлшелі,
Жоқ-ая, сірә, жүргегінде мұң-шері.
Көңіліне көктем ұя салған жан,
Өзгелердің жанын ұғып, білсе еді...

Жалтақ болып, жын-қоғамға, азулы,
Жүрген жанмын жетегінде елестің.
Маңдайымда – мендік ғұмыр жазулы,
Мен ешқашан өлең жазған емеспін!..



НУКТЕ

*Мен кеткеннен шалқи қалса ырысың,
Кетем енді...*

От бол жсанып түр ішім.

*Дал-дал жсанды қан-қан қылыш, тәңірім,
Бұйтіп берген тіршілігің құрысын...*

Маралтай

Осы болса көзіңді ілмей күткенің,
Шыбыным бол жыр-кеудемнен шық, демім.
... Бұл өмірге келгендегі бар ойым-
Қояр жерін табу еді нұктенің.

Қаламымнан қан бол ағар нұктеден,
Жер қабамын, үн шығармай бүктелем.
Қабіршілер, қабірімді қазатын –
Арманына жеткен жандар, діттеген.

Таптағандар, талантимның іргесін,
Сүрінгенде сырт жағымнан күлгесін.
Ah ұрарсың.
Шашың жұлып жыларсың,
Ақын қыздың көрген кезде мұрдесін.

Тұсап жырды. (Екі жағын жақша ғып),
Тыным табам.
Тербетеді ақ табыт.
Қауғаменен қотара сал үстіне
Суық суды,
Шырағданын жақса үміт.



Қараулықтың үшкілденіп қиясы,
Қаулар онда мәңгүрттердің миясы.
Бір күдік бар:
Жетеді ме, жетпей ме,
Сол нұктеге қаламымның сиясы?..
Поэзия, бар екенсің гой!..

ПОЭЗИЯ ҚАЙТА ОРАЛДЫМ ӨЗІҢЕ

Сөнбейтұғын шуақ бердің көзіме,
Кие қостың, айтатұғын сөзіме.
Жапандагы жолаушың ем, жолсоқты,
Поэзия!
Қайта оралдым өзіңе.

Жаратқанға жалбарынған, жылаған,
Ұзақ жолда сан сүрінген, құлаған.
Поэзия!
Жанкештісі – жалғанның,
Алдыңызда тұр аман!..

Сенімінді ақтамаса сенгенім,
Амалым не?
Қайтем енді?
Пендермін.
Өзіңе кеп бір өксімей кететін,
Болған емес менде күн.

Мұнның оты менің үшін маздалты,
Сан ұшырдым, басымдағы аз бақты.
Өзгелерге көрінгенмен өр болып,

Сенсіз өмір сұруді Алла жазбалты.
 Сөнбейтұғын шуақ берген көзіме,
 Кие қосқан айтатұғын сөзіме.
 Жапандарғы жолаушың ем, жолсоқты,
 Поэзия!
 Қайта оралдым өзіңе.

Жиып қойып «тағдыр» деген тақтамды,
 Сенде күтем арман болған ақ танды.
 Музам айтты мекенінді-жайынды,
 Поэзия!
 Қағып тұрмын қақпаңды...

ЖАУАБЫ ЖОҚ САУАЛ

Мъянимада Қытайдың 153 азаматы өлім жазасына кесілді. Олар елдің солтустігінде заңсыз орман шабумен айналысқан. Мъяньма астанасы Янгон қаласындағы Қытай елилігі аталған жайтқа байланысты наразылық білдіріп, сол укімінің тым қатал екенін айтып отыр. Олардың пікірінше, қытайлықтарды заңсыз агаши шабуга контрабандистер итермелеген.

Баспасоз материалдарынан

Не дейін мынау елге аспан асты?
 Осы – үкім.
 Ел басшысы тасқа басты.
 Құрлықта құр айқайдан құлақ тұнды,
 Дауласып, кәрі менен жас таласты.

Кім білген?
 Қайсылары жөн айтады?

Сан пікір даудың отын молайтады:
 - Адамды қаңбак құрлы көрмеді ғой,
 Қырқылса, өсер кейін тогай тағы.

Ішіме сыймай барад – ішімдегім,
 Келіп түр ой бейнесін мұсіндегім.
 Ардақты адамзаттың ғұмырынан,
 Ағаштар күнды ма еді?
 Түсінбедім!

- Не дедің?
 Төз деймісің талағанға?
 Көп сыр бар – бұл заңды оқып-қарағанға.
 Даламның көркі болған орманымды,
 Шаба бер демексің бе, бар адамға?!

Айналар деп жүрген ем – жұптасыма,
 Қоймаймын бұл сезімді ұқласыңа.
 Кешірсек біз бұларды
 Ертеңгі күн
 Кім кепіл, тағы біреу шықпасына?

- Екеуің бос сөзді айтып даурықпағын,
 Бастасын бәрімізді саулыққа – күн.
 Кінәлі – Контрабандис!
 Көзін жоймай
 Несіне отырсыңдар қалғып бәрің?!

... Тағдырың байланады қорғасынға,
 Көнбейді қатал билік жорға сынға.
 Өлімге қиятыны көп пендені,
 Ағаштан адамы көп болғасын ба?..

Бұл хабар жетпегенмен жаңсақ, елге,
 Бұл іске біздің жақта жан сенер мे?
 - Айтыңыз, заң қатал ма еліңізде?
 - Айтпаймын!
 Шаруаңыз қанша менде?..

ЖЕТІ САНЫ ТУРАЛЫ ОЙ ТОЛҒАУ

Баршасы ағайын-дос, ізгі бауыр,
 Құшагы кең даладай – біздің ауыл.
 Ұнатпас ұлықсынған Ұлтан құлды,
 Құлатпас қарағайын құзгі дауыл.

«Қадірі – қанымда» дер бар ағайын,
 Салтым ғой – тамыр жайған қарағайым.
 Дәстүрі діңгегімнің – біздің ауыл,
 Ернеуі төмен түспес шарадайын.

Мен қалай ауылды айтпай басылайын?
 Тек өрге домаласын тасы дәйім.
 Сұрайды жеті атаңды Жетібай қарт,
 Салып ап ерініне насыбайын.

Жас келіп, көп болса да – қажығалы,
 Ұмытпас серіліктің сазын әлі.
 «Сал» дейтін ұлкен-кіші Сәмет аға,
 Тұтендер әлі жеті қазынаны.

Жеменей, отырып ап есік алды,
 Сөзіне бағыт-бағдар етіп арды,
 Жанына жұз пайызға жайлы қылыш,
 Шығарып алыпты өзі «Жеті жарғы».

Алмадай сипап қойып екі бетін
 Аса отыр.
 Әңгімесі – жеті жетім.
 Жеті қат жер астынан тыным тапқан
 Бабам-ай...
 Ойлан кейде кетілесің...

Бала шақ!
 Сынсам – сен деп бекідім мың,
 Желменен таралғаны-ай, кекіліңің!
 ... Жетіге жаңа жеткен Жексен бала,
 Санына жете алмай жүр жеті күннің.

Көк белдің сан бойлаған киесіне -
 Шөп артты Шалғыбай ер түйесіне.
 ...Сол жылдың қаңтарын-ай, қылшылдаған,
 Алады жеті жұтты жиі есіне.

Ауылым!
 Жұт келмесін бет үсіре,
 Бақ тілеп тұрам әр кез тек ісіңе.
 ... Тай мінген Тайжан бала
 бір кісінің
 Шақырып келген екен жетісіне...

БАЛА – ӨМІРДЕ КҮРЕ ЖОЛ

Бал-бұл жаңған бала – мәз,
Езу тартып үлкені.
... Бар адамға – дара жаз,
Қаруы оның – күлкі еді.

Бала күлсө – мәз болар,
Бақыты оның – бес елі.
Айдынына қаз қонар,
Ғажап күйді кешеді.

Көп қызыққа батқандай,
Өзге мұнды жай қалыш.
Бала шақтың жатқандай,
Қарымтасын қайтарып.

Жетім өсті жасынан,
Күлген күні...
Есте жоқ.
Не өтпеді басынан,
Ермей шаттық – көшке көп.

Тұнжыраған бақ күзгі,
Жатқызды оны сыйына.
Балаларға, шат жүзді,
Көп қарайды қызыға.

Бала – өмірде күре жол,
Бойы болмақ жарық тек.
Осылайша жүреді ол
Өткен күннен алып кек.

СҰРАҚ БЕЛГІ КӨП БОЛҒАНЫ НЕСІ ЕКЕН?

Тағдырыма сын айтамын несіне?
 Жаратқаннан жыр болған да – несібе.
 Жазып келем маңдайыма жазғанды,
 Бақыт келсе – келсін, мейлі, кешіге.

Тұсқа келіп Құлагерім құлаған,
 Шөлім басқам, жылаш аққан тұмадан.
 Алғыс айтам тарғыл түсті тағдырға,
 Шыбыртқымен сабырымды сынаған.

Саған, тағдыр, сыр айтайын еркелеп:
 Жыр жазуға алыш келдің желкелеп.
 Бақытымның тартып алыш бәлішін,
 Еніретіп, есейттің ғой ертерек.

Қарыс басқан қадамдарым – бәрі сын,
 Бақытымның тартып алған бәлішін.
 Бұлт астынан қарап қапты бір сәуле,
 Тірілердің тірліктегі жарысын.

Тағдырыма сын айтамын несіне?
 Жаратқаннаи жыр болған да – несібе.
 Жазып келем маңдайыма жазғанды,
 Бақыт келсе – келсін, мейлі, кешіге.

Ой-өзеннің өткелінен бес өтем,
 Ез- тірліктегі қашанин-ақ есе кем.
 Тағдырымның тақтасында ... дегенмен,
 Сұрақ белгі көп болғаны несі екен?

НЕГЕ ӨМІРДЕН ТҮҢІЛЕСІҢ?

Кіргендей кемді күнде бүгін есің,
Түнілме.

Неге өмірден түңілесің?

Оңынан туды айым деп қуанаңың,
Соңынан көз жасыңа жүгінесің.

Тағдырдан көзің жетіп озбасыңа,
Артынан жүгінесің көз жасыңа.
Өзгенің әдеті гой – ақиқаттың
Айтатын қосып әр кез сөз қасына.

Тағдырдың талқысына төзе білген,
Өзгенің алады анық өзегінен.
Біреулер ауырады бір сөз үшін,
Біреулер жазылады сөз емінен.

Ал, енді тұр орныңнан!
Жан ұшыра
Қайрап ал жігерінді намысыңа.
Керменде тыптырышыған кер төбелді,
Қос, тағы, дүниенің жарысыңа!

Кіргендей кемді күнде бүгін есің,
Түнілме.

Неге өмірден түңілесің?

Оңынан туды айым деп қуанаңың,
Соңынан көз жасыңа жүгінесің.

Тірліктің сырыйп қойып данғазасың,
Ойнатшы, жабырқаулы жанға жасың!
Өзгенің өкіміне басыңды имей,
Өзің аш, өміріңнің дарбазасын...

ЖАЛҒЫЗ АҚҚУ

Откергендей өр-өмірдің кезін – мың,
 Тұнжырайды, тартқандай-ақ тұн айыш.
 ... Қаңқылдайды, шерін қозғап сезімнің,
 Жалғыз аққу, көл бетінде мұңдайып.

Жасын-жігер қалай ғана құм болды,
 Тіршілікте неге қалды тосылып?
 Шартарарапқа шаттануы мұң болды,
 Көз жасы ағып, көл суына қосылып.

-Махаббаттың маздал жанған шырағы,
 Желбіреткен адалдықтың пәк туын,
 Сезімімнің саған қояр сұрағы –
 Жалғыз жүрсің, не себепті, аққуым?

Жапырағына жауһар тағып, жасанған,
 Шаттық күннің құлаттың ба шынарын?
 Ақ айдында қатар жүзген қашаннан,
 Қайда кеткен, қасындағы сыңарың?

Тұсінгендей сұрағыма шынымен,
 Сыңсыды акқу, көл бетінде, тұнжырап.
 ... Қорқыт ата қобызының үнімен,
 Көріскендей болдым бір сәт, шын жылап...

ТАБАНЫЦА ТАС БАЙЛАНГЫР УАҚЫТ

Табаныңа тас байланғыр уақыт,
Зымыраннан бетерсің.
Маужыраған мақпал түннен бір ақык
Үзіп алмай, қалай ғана өтерсің?

Табаныңа тас байланғыр уақыт,
Зуладың-ау оқтайын.
Артыңызда ізің қалса – құба-құп,
Онда сөзім жоқ дәйім.

Табаныңа тас байланғыр уақыт,
Белгің бар ма, артыңда?
Жанымдағы жыр-кептерді жылатып,
Жықпаңызшы жалқынға.

Табаныңа тас байланғыр уақыт,
Нені өшірдің санадан?
Көңілімнің көк терегін құлатып,
Жара салма жаңадан.

Табаныңа тас байланғыр уақыт,
Өкінгенмін.
Ұмыттыр.
Қалар едім, сонда сені ұнатып,
Қап!
Өткен күн есігінде құлыш тұр ...

... Табаныңа тас байланғыр уақыт...

ЛЮЦИФЕРДЕН ХАТ...

АҚШ-тың Детройт қаласындағы шайтанга табынатындар Люциферге (олардың ұғымында ібілістің бір аты саналады – ред.) ескерткіш қойды. Олар ескерткішті жасырық сауық кешінде қойды. Атамыш шарага қатысқысы келетіндер

мүйіз бен құйрық жасалғап келуі шарт етіп қойылды. Кіргісі келетіндер 25 доллардан төлеаді.

Ал ескерткіштің жасында тұрып суретке тусу үшін одан екі есе көп қаржы төлеуі тиіс болды. Салмагы жарты тоннага жететін ескерткішті

жасауга тапсырыс бергендер қалталарапанан 100 мың доллар шығынданған. Ендігі жерде

сатанистер ескерткішті Арканзас штатына қарасты Литл-Рок қалалық әкімшілігі орналасқан гимараттың алдына қоюды ел билігінен талап етпек. Бұл жайында Fox10 TV ақпарат көзі хабар таратты.

Күні кеше аңгардым, қалдым сосын қуаныш:
Ұмыттың да намазды, қу тірлікке жұбанып,

Ауызға алмай Алланы, көп жасадың күпірлік,
Асынды ішіп болсаң да, айта алмадың шукірлік.

Мактан тұтам мен сені... кейде жақсы көрмеймін,
Шаттанар ем, шіркін-ай, деп ойласаң – өлмеймін.

Жек көретін себебім – Аллаһ сені қолдайды,
Ал, мен үшін тірлікте бұл дегенің – зор қайғы.

Ұнатпаймын Аллаhtы, қуған мені жәнніаттан,
Тірлігімде бұдан соң қандай ғана қалмақ мән?

Қасиетім артуда, осы күні менің де,
Койды маған ескерткіш, Америка елінде.

Ескерткішті көруге, керек етпей бұйрыкты,
Келді сансыз достарым, жалғап мұйіз – күйрыкты.

Айтқаныммен жүргендер, ұмытқандар құранды,
Есімімді көп атап, салады кеп ұранды.

Карсы келіп Аллаға, жасаған қөп зияным,
Колдау тапса сендерден, қалай мұны тиямын?!

...Есінде ме, менімен бірге өткізген күндерін,
Өзгелерді жылатып, кеуде керіп құлгенін.

Табанға сап таптаң ек, ізгілік пен бірлікті.
Кешіп ек қой екеуміз, екі жұзді тірлікті.

Шарап ішіп шалқыдық, шегіп алыш есірткі,
Иланбадық иманға, мансұқ етіп мешітті.

Сол сәттерді ұмытпа, сақта мәңгі есінде,
Істемесең айтқанды дос бол жүрсің несіне?

Ұрпағыңа үйреткін, алдау менен арбауды,
Сен екеуміз бір жүрген дара жолдан қалмауды.

Меніменен, білемін, ғажап өмір кештің де,
Бұл хат жайлы, алайда, айта көрме ешкімге!..

Қалған өмір – тірлікте мына мендей дос таңда,
Кездесеміз, аман бол, өлім бізді қосқанда...

ҚАСИЕТТІ АУЫЛЫМ – ҚАРАКЕНГІР...

Баға жетпес мен үшін дара едің бір,
Қасиетті ауылым – Қаракенгір.

Гұмырыма қуат ап көктеміңнен,
Гүл тергенмін беткей мен бәктеріңнен.

Қара ноқат ағызып қара көзден,
Күндерім-ай!
Тұлпармен дала кезген.

Шомылғанда ағысты өзеніце,
Өлмес өлең алғанмын өзегіме.

Қыздырынып жағада ақша құмға,
Суарғанмын көзімді ақ сағымға.

Себезгілеп тұратын жауыныңа,
Мен гашықпын долданған дауылыңа.

Қиялымен керемет күнді күткен,
Тұңғыш рет гүл алғам бір жігіттен...

Күлкіменен өтетін күндерімді,
Сырға толы сағындым түндерінді.

... Баға жетпес мен үшін дара едің бір,
Қасиетті ауылым – Қаракенгір ...

ОЙЫНЫ ЕКЕН – ҮЛКЕНДЕРДІҢ

Қайтаратын кері тұнді,
Болса, шіркін, ерітінді!
Әкелетін күш бар ма екен,
Бала шақ пен сері-күнді?

Ойламайтын нала-мұнды,
Кім ұрлады бала күнді?
Тас бауырлау мына тірлік,
Тасқа ұрады талабымды.

Ұзеді де күдерімді,
Күзеді де – жігерімді.
Көк тәңірге жаутандаумен
Жанарыма шық өрілді.

Мына менің – ұтылғаным,
Күн секілді тұтылғаным.
Жақсылығым ұмыт болған,
Жамандығым, шүкір, мәлім.

Сезімді жан, білсең керім,
Көңілдегі күн семгенін.
Өмір деген, түсінгенім,
Ойыны екен – үлкендердің...

**ЖАСАП АЛДЫҚ БІЗ БҮГІН
ЖАСАНДЫЛЫҚ**

Тауға біткен тастардан қашап жүріп,
Жасап алдық біз бүгін жасандылық.

Жасандылық ұғымын біліп терең,
Күл дейсің бе?
Өтірік күліп берем.

Көңілінді кезбесін құмай-алаң,
Жыла десең – өтірік жылай алам.

Дарытпастан көп аса бойға алаңын,
Ойлан десең – өтірік ойланамын.

Әртістікті бойыма сай қыламын,
Қайғыр десең – өтірік қайғырамын.

Осы ісіме мен іштей мақтанамын,
Шаттану ма?
Өтірік шаттанамын.

Қандай жанмын?
Оны да білсін елім,
«Елім-ай» - лап өтірік күрсінемін.

Орашолақ, оспадар не біледі,
Шындай қылыш сапырам шежірені.

Жете бермес білімі, қолы бардың,
Ел жоқшысы осылай болып алдым.

Тауға біткен тастардан қашап жүріп,
Жасап алдық біз бүгін жасандылық.

ҚАМШЫ

Ұрпағы дейді-ау мұны ел тектінің,
Кара, мына жаманың тентектігін!
...Сайтанның зәрін ішкен сүт кенжесі
Істерін істеуде кеп немкеттінің.

Сусының сан қандырған бала-шаға,
Алдымен аунап түсті қара саба.
Қарайды бала-шаға «тамашаға»,
...Ырыстың қор болғаны-ай аласаға!

Ұлына жүрген кеше гүл егіспін,
Келіні үйден қашты, жүрегі ұшып.
Ошаққа төңкөрілді қара қазан,
Жер құшты жez самауыр, шүмелі ұшып.

Корлығы өтіп кенже – аласаның,
Орнынан түрді ақыры қара шалың.
Мұзы тұр жүгендізге жүрегінде,
Сызы тұр қабағында қарашаның.

-Бекер ме, осы күнге жеткізгенім,
Текті ұлым бар деуші едім.
Тексіз бе едің?
Сыйластық – шыны еді ғой салтымыздың,
Сол шыңның арамдадың шексіз белін.

Тастасаң, шалағайым, шұбалаң із,
Алатын осы болмақ – сыбағаның!
...Кенже ұлдың осты арқасын өрім қамшы,
Не болды?
Сұрамаңың!

Қаһары қара шалдың асты дәйім,
Ұлы отыр, жынын алған бақсыдайын:
Көргүте қысылады жас жұбайын,
Ел бетін қалай көрмек – басты уайым.

... Ойнайды, арқаңызда – жонға келіп,
Жіберсөң, есте болсын, зор қателік.
... Қамшыны аялап бір сипады да,
Қара шал іліп қойды төрге әкеліп.

P.S.

Сиқыры атой салып санадағы,
Қинайды, жаза бассаң ар азабы.
Бәрінен биік қойған ата салтын,
Айналдым, атыңыздан, дала заңы!..

АДАСУДЫҢ АЗАБЫ немесе мәңгүрттің монологы

Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ...
Абай

Шайқап ырыс қазанын,
Көрдім елдің мазағын.
Көрмей-ақ қой, бауырым,
Адасудың азабын.

Тыңдайтұғын құлын – жыр,
Мен едім ғой тұлымды ұл.
Откен өмір – өкініш,
Келер күнім – бұлынғыр.

Зымыраған елік-күн,
Мен несіне желіктім?

... Алла жолы екен деп,
Албастыға еріппін.

Тартып әлем қаранды,
Улағанмын санамды.
Тыңдамадым әкемді,
Тыңдамадым анамды.

Сайтан болса – серігің,
Дос тұтады сені кім?
Өз қолыммен өлтірдім,
Рухымның елігін.

Косшысы боп қарғаның,
Балталадым ар бағын.
... Өкініштен шайналған
Бармағым-ай, бармағым!

Жаным ғашық тұнық тұн,
Сені тым кеш, шын ұқтыйм:
Аллам қалып алыста,
Адалдықты ұмыттым.

Пиғылда бар – шекара,
Откен іске не шара?
Пәтуасыз пенденді
Кешіре алсаң – кеш, АЛЛА!..

ЖЕР – БЕСІККЕ ЖЕТКЕНШЕ...

Жер – бесікке жеткенше:

Санамды суалтпайын,
Жасылды қуартпайын.

Жетімді жылатпайын,
Асқарды құлатпайын.

Жаксыны дос қылайын,
Көнілін қош қылайын.

Кіретін есі кейін,
Жаманды кешірейін.

Неге оны үлгі етпейін?
Үлкенді құрметтейін.

Несі айыш – өбектесем?
Кішіге көмектесем.

Көтеріп – құлағанды,
Жұбатам – жылағанды.

Берілсең құса-мұнға,
Аламын құшағыма.

Танытыш пейілімді,
Төгемін мейірімді.

Қабыл бол, ақ тілегім,
Бәріңе бақ тіледім.

Жібек боп есілемін,
Жау ма едің?
Кешіремін.

Жер – бесікке жеткенше...

ЖАНЫМДЫ ЖЕП, ЖАЗАМЫН АЗАПТЫ ӨЛЕҢ...

Откен істің кейін кеп өкініші,
Мың күрсіндім, құніне мың езілдім.
Талқандаған сыйластық бекінісін,
Мінезімнің тіктігі-ай, мінезімнің...

Қапияда сүрінгем, құлағам да,
Несіне айтам, көп иттің талағанын?
Көргенім жоқ жағынып бір адамға,
Көңіліне ешкімнің қарамадым.

Қабағына қарамай ешкімнің де,
Нысанам мен бағыттым етем – арды .
«Естілерден» небір сөз естідім де,
Бұрылмастан талайлар кете барды.

Айтып кеттім тағы да айтарымды,
Тағы, міне, өзімді қажап келем.
Үйге келем.
Табамын қайта мұнды,
Жанымды жеп, жазамын азапты өлең...

Болмысым-ай!
Ақ макта – ақ қардайын,

Жалғандыкқа көз жұмып қарамағам.
Қасиет кеп алдымда жатқандайын,
Шындық жолы әрқашан дара маған.

Откен істің кейін кеп өкініші,
Мың күрсіндім, күніне мың езілдім.
Талқандаған сыйластық бекінісін,
Мінезімнің тіктігі-ай, мінезімнің...

ШЕҢБЕР

Күйкі тірлік, басқа салған ноқтасын,
Жол қылғанмын қызмет пенен отбасын.
Тірлігімнен тірнек іздең мен келем,
Шиқылдатып шеңбер-есік топсасын.

Таңғы уақыт.
Қала бүгін – сүреңсіз,
(Көктемде де түседі екен күрең күз).
Гүл егілген алаңқайлар әне бір,
Сұрқай тартып кеткендей ме?..
Кіл өңсіз.

Арнасынан шыққандайын, тасып іс,
Көше толы жандар бүгін асығыс.
Асаудайын аласұрып тұратын,
Көңіл шіркін тауып қалған басылыс.

Бойларында шыдам қалмай қасық қан,
Нөпір адам, жұмысына асыққан.
Ерке Есіл де ағып жатыр асығып,
Күні кеше көңілімді тасытқан.

Ку құлқынның қамыменен сенделгем,
 Тірлік осы – тақияма тең келген.
 ...Өзгелерге өзеуреймін мен неге,
 Шыға алмаймын өзім осы шенберден...

СЕНЕН ІЗДЕП ТАППАСАМ

Ұялаған тірлікте,
 Басыма кеп қанша мұң.
 ...Бақытты өмір – бір нүкте,
 Ауылымды аңсадым.

Мекен еткен мәңгілік,
 Ұлытаудың бауырын.
 Атады онда таң күліп,
 Қайран, менің ауылым...

Ауылымда таң бөлек,
 Ауылымда күн – бөлек .
 Тебірентер жанды ерек,
 Жұлдыз айтқан тың дерек.

Жолықтырсам сол күнді, ә?
 Тапсам сосын жарасым.
 Сырын айтып толқынға,
 Жазсам жүрек жарасын.

Өмір деген ағынның,
 Салқын екен сыз-демі.
 Бал – балалық шағымның,
 Сенде қалды – іздері .

Ауыл, еңсем езілді,
Барғаныммен баққа сан.
Көңілі аппақ кезімді,
Сенен іздең таппасам...

ТӨРДЕГІ АЯЗ БИДІҢ ШАПАНЫНА...

Көңілдің көк кептері жөнге көнбей,
Тұнжырап отырсың ба, сен де мендей?
...Қалықтап кетеміз-ау, біздер кейде
Көктегі Жаратқанға тең келердей.

Бабамдай кілемменен қалықтаған,
Қалықтаудан ешқашан жалықпаған.
Откеннің шимай болған шежіресі,
Жеткендей жер түбінен талып маған.

Күмбірлеп өткен күннің көкірегі,
Жанымның жазбасынан не тіледі?
Бір ой кеп әлденені өтінеді,
Бір ойым әлденеге өкінеді.

Бақытты қанжығаңа бектере біл,
Қашаннан құмары анық көкке көңіл.
... Санама сайтан келіп ұяласа,
Сабама түсіреді өткен өмір...

Әрдайым ара түскен жат арына,
Көңілім көп ойлардан қапа, мына.
...Түс көрдім.
Ақ боз үйде көзім түсті,
Төрдегі Аяз бидің шапанына...

ТАСЫНА БІЗДІҢ ЖАҚТЫҢ ГҮЛ ШЫҒАДЫ!

Қырқалар қалған екен күрактандып,
Бойыма қалды содан қуат дарып.
Ойда ағып, сарқыраған ерке өзенге,
Отырмын сыр актарып.

Самал жел!
Сен осындай ғажап па едің?
Жырым да сен секілді азат, менің.
Төбеден төгіп өткен мына нөсер,
Сағындырдың мені, – деп наз еткенін...

Көктегі не құс екен?
Шагала ма?
(Тұған жер, тұлпарынды табалама).
Алма қызы гүл теретін бала шақтың,
Бір сәтін бәктеріңнен таба ала ма?

Киялым алыстарға құлшынады,
(Лайланған мына өмірдің тұнсын ары).
Бусанып жататұғын жері түгіл,
Тасына біздің жақтың гүл шығады!

Бұл өмір келуші көп көрмеге тең,
(Ойына өзге сырды өрме бөтен).
...Қырқаның тал жусанын тістеп көрсем,
Тағдырым секілденген...
Көрмек екен.

Алайда туған жерді көрме бөтен...

ТАНЫСАЙЫҚ! ТАҒДЫР – МЕНИҢ ЕСІМІМ

Жағасынан алатұғын құлқінің,
Тірлігіме қызығасың несіне?
Өтіп жатыр тізбектеліп күн-түнім
Талғажауга мұндан болып – несібе.

Омір – осы, жарқыраған терезе,
(Жарығымен кейбіреуге дәру – шын).
Шөлдеп кейде, кепкен кездे кенезе,
Әйнекті ұрган тамшыға да зәрусің.

Тамған жердің тасын тесіп кетердей,
Көзім жасы...
Секілденген қорғасын.
Жырдың үні жарты әлемге жетердей,
Өлең жаздым.
Жаныма шер толғасын...

Көмекілеу тартқызатын көркімді,
Науасынан бас алмадым наланың.
Шыгаратын өзектегі өртімді,
Қаладан да қадірлірек – қаламым...

Жағасынан алатұғын құлқінің,
Тірлігіме қызығасың несіне?
Өтіп жатыр тізбектеліп күн-түнім
Талғажауга мұндан болып – несібе.

Шайқайтұғын шаттығымның бесігін,
Алыстағы күндерім-ай, ақ күміс!
- Танысайық!
- Тағдыр – менің есімім,
- Ойыншық па ед, ұсынатын тәттіңіз?

СЕКІЛДІСІҢ БӨЛШЕГІМ

Бәрін сендік өлшемменен өлшедім,
 Қара өлеңім!
 Секілдісің бөлшегім.
 Сен арқылы шартарапқа шаттанып,
 Сен арқылы жылап алдым келсе мұң.

Секілденіп сырын шашпас жырынды,
 Жалғыз саған айтам әр кез сырымды.
 -Бұным қалай?
 Сауалыма бас изеп,
 Музам менің дүрыс деді – мұнымды.

Мен – таулықпын!
 Шырқап айтам тау әнін,
 (Байқа, менің көңілімнің ауанын).
 Күні бойы жиып алып жүз жұмбақ,
 Түнде іздеймін – жауабын.

Бойды үйрет те жан тербетер ырғаққа,
 Тылсым-түнде, өтінемін, үн қатпа.
 ... Музам өзі қалар кейде үндемей,
 Болады еken жауабы жоқ жұмбақ та...

Бәрін сендік өлшемменен өлшедім,
 Қара өлеңім!
 Секілдісің бөлшегім.
 Сен арқылы шартарапқа шаттанып,
 Сен арқылы жылап алдым келсе мұң.

Жырдан тапқан қорегін,
 Жыр жолына басын тікті – өренің.
 ... «Өлем» деген сөз жазылған қағазды,
 Қолымнан кеп жұлдып алды...
 Өлеңім!..

KІСІКИІК

*Күміраға айналды,
 Күнікейдің күлкісі.
 Құл басына байланды,
 Кісікік бір кісі...
 Кенжебай АХМЕТОВ*

Жетпей жанға күнесі,
 Боран болып соқты алаң.
 Мінезімнің міні – осы -
 Кісікік боп барам.

Досым болсаң – жанды ұғын,
 Бөлек кеттім жыракқа.
 Сырға толы сандығым,
 Толы бүгін сұраққа.

Жөн – сырды ашпай қойғаным,
 Кешір, жүрсем ашылмай.
 Тарам-тарам ойларым -
 Қырық қыздың шашындай.

Солай!
 Солай кезіктім,
 Алынбайтын қорғанға.

Көңілімнен безіп күн,
Кісікік болғам да...

Сыр айтпаған ешкімге,
Мен тұнменен тілдесем.
Көрсетпеймін сес мұлде,
Тұсініксіз күн кешем.

Мұң тізілген көгеннен
Ұялаттым ойға мұң.
... Даұрыс шығар, дегенмен
Тұсінбей-ақ қойғаның...

Қара тұн кеп, бұрымды,
Жүргімді мұңайтар.
Тұнге айтамын сырымды,
... Мен жайында тұн айтар.

Санаспағын көп аса,
Мен кімменен тең едім?!
... Қалдыр мені оңаша,
Осы болсын – көмегің!..

АҒА, САҒАН КЕЛІП ЕМ МҰҢ ШАҚҚАЛЫ

Басқа тиіп тағдырдың бұршақтары,
Аға, саған келіп ем мұң шаққалы.
Осы неге теріс кеп жақсылығым,
Неге мені көздейді сын сақпаны?

Жүрсем-дағы ақ жолмен, аласұрыш,
Көзге ілмейді біреулер, баласынып.

Миығында – кекесін, бір ағаның,
Барған едім қасына қарасынып.

Алдымыздан атар ма ақ таң ерен?
Санама әкеп сан сауал сақтады өлең.
Жалпылдаумен қасымда жүрген біреу,
Бауыздауга шебер-ақ мақтаменен.

Мұн аттырып жанымды, сызат қылыш,
(Қалам кейде осы ойдан ұзак тұрып).
Кейде айналып колдаушым қорлаушыға,
Жүреді әр кез сыртымнан тұзак құрып.

Көп көрмейін олардың күнін, мейлі,
(Байқап қара, бақастық білінбейді).
Мен сүрінсем, сырима қанық жанның
Неге ғана көздері күлімдейді?

Келем әлі, жанымды құзға атпастан,
Тамшы шығар – жыласам, сыздап тастан.
... Міне, әлгілер жиылып, мені тағы
Разы болып тыңдауда, міз бақпастан...

ШІРКІН, ӨЛЕҢ!..

Көніліме керемет күй ақтарған,
Қиялымның қырынан несіп терем.
... Жасыл жаздың жүрегі сияқтанған,
Жапыракты баяулап кешіп келем.

Көнілдердің айғыздар терезесін,
Құз аспаны.
Тырналар тыраулаған.

Қаталдық кеп кептірген кенезесін,
Менің нәзік жүрегім бір аунаған.

Тұсінеді, мен жазған қағиданы,
Жапырақтар.
Сарғайған жапырақтар.
...Көршім анау, қымбат тон, машиналы,
Бақты кезер мен құсап ... ақымақтар.

Тағы, тағы...
Жапырақ құлап түсті,
Тамшы тұрды үстінде мөлдіреген.
Жанды тербел жүруші ең, ұнап ... құшті,
Мен жазбаған, қайдасың, сол бір өлең?!

Көңілімнің аяқтаپ күнделігін,
Қоштасамын мен бүгін күлкіменен.
Жазылады жаз жайлы гүлге мұңым,
Құстар!
Сенің соңынан бір күн ерем...

Шіркін, өлең!..

МАҢДАЙЫМНАН СҮЙГЕНДЕ

Тас-ғасырдың тастай екен соққысы,
Тас-қалада тасқа талай тірелгем.
Тасжүректің артығырақ боп күші,
Тасбауырдың күлі болып күрелгем.

Жаңбыр болған білесің бе, жасымды,
Солай!

Солай!


Мекенім бол – күресін.

Тасқа ұрып-ақ жарап ма едім басымды,
Сүйеп қалды «ӨЛЕҢ» деген бір есім.

Сүйретіліп тұрдым, көзден қан аға,
Тік қарадым «ТАҒДЫР» деген пышаққа.
Өлеңдерім – жаңа туған шарана,
Өлтірмедім, алдым оны құшакқа.

Араздастып көрмен едім араймен,
(Тіршілік-ай, қалай сені қарғайын?)
Қара тұнді жек көрейін қалай мен,
Өлеңіммен бір жүреді әрдайым.

Талай жерде менің есем кетті шын,
Көңілімнен ғайып болып күй – демде,
...Тас-тірліктің ұмытамын тепкісін,
Өлеңім кеп маңдайымнан сүйгенде...



ӨЗЕУРЕЙСІҢ, ЕЙ, ӨМІР

Жағамнан да жұлқыдың,
Жұдырық та жұмсадың.
Құдай атқан – құлқының,
Көркемдікті құрсадың.

Отқа орадың күн сайын,
Оңым менен солымды.
Мұнға оранған мұнша айым,
...Кестің талай жолымды.

Таулар құлап мен шығар,
Жылатқансың ұзақ күн.
Көп түскең де мен шығар,
Шырмауына тұзактың.

Содан мен де ширіқтым,
Бойыма ерен күш келіп.
Келер күннен күй күттім,
Тірлік еттім тістеніп.

Көзінді сал, көре біл,
Тілдеймісің сен де арды?
... Өзеурейсің, ей, өмір,
Көрсетпеген нең қалды?..

АҚ МАМЫҚ

Тереземді ашып алыш,
 Қарап тұрмын анықтап:
 Аппак қылау тасып-ағыш,
 Құлап жатыр қалықтап.

Жаяу берсе жарап еді,
 (Тұрмын өзім шаттаныш).
 Күстаналы, қара әлемді,
 Қымтап жатыр ақ мамық.

Тыныштықты бұзғысы жоқ,
 Бұйығыпты бар қала.
 Талдағы анау тұз құсы көп,
 Көкке қарар таңдана.

Қақың бар ма, теріс деуге,
 Айтшы, досым – елгезек?
 Қар дегенім – періште ме,
 Қоныш жатқан жерге кеп?..



КҮН НЕТКЕН ҒАЖАП БҰГІНГІ!

Жабығысымды,
Сағынышымды,
Жиып қойып санама,
Ұшырайын құс қылыш аттыңымды.

Киялдарымды,
Ұяң – бағымды,
Қанат қылыш самғаймын,
Іздеп табам түбі бір қияндағымды.

Биіктегерімді,
Күйіктегерімді,
Өткеннің де өкпегін,
Құшағыма алайын сүйіп көгімді.

Тілектерімді,
Тұнектегерімді,
Ашық айтам бәріңе,
Жар саламын жаһанға жыр өпкенімді.

Қазақтығымды,
Азаттығымды,
Аялайын аккудай.
... Құдайым-ау!
Күн неткен ғажап бұгінгі!..

КӨҢІЛІМ ЛЕЗДЕ БАСЫЛДЫ

Әткен күннің тапқан жокпын дерегін,
Өзімді-өзім іштей мұжіп келемін.
Ана бір күс...
Қыран ба өзі?
Қарға екен,
Мекен қышты маҳаббаттың терегін.

Сол теректің қарға шығып басына,
Қарайды кеп қырандарға – қасына.
... Қарғалардың сыңдырмақ боп қанатын,
Қолым салдым қара жердің тасына.

Аманаттай бейне маган ар бағы,
Тас – қолымда.
Көздең тұрмын қарғаны.
... Қас дүшпаны төбесінде ойнаса,
Көмек сұрай біледі екен тал-дағы...

Күл қылмак бол қара ниет қасымды,
Жігеріме жанып алдым жасынды.
... Қыран болып кеткені, әлгі қарғаның,
Құлаштап кеп лақтырмақ ем тасымды...

Көңілім лезде басылды...

БАТЫП БАРАМ...

... Бақыттың мәңгі емесін біліп тұрдым,
Сонда да өзімді алдаң құліп тұрдым.

Көңілдің кері сырып көктемдерін,
Жаратқан!
Сен ұсындың өткелдерін.

Тәңірім аямай-ақ айыптапты,
Біздерге түбі тесік қайық қапты.

Барған ек, қорған тұтып, қарасынып,
Тоғайдан бұйырмады қара шыбық.

Көңілі толмады ма құйімізге,
Келмеді Қызыр баба үйімізге.

Биікке, бас айналды, шыға алмадық,
Теренің касиетін ұға алмадық.

... Мен тұрдым сонда-дағы сынық құліп,
Көзімнен көлдей терең сыр ұқтырып.

Әніме әуелгіде құлақ түрдің,
Содан соң су түбіне лақтырдың.

... Қолымда – жыр жазатын жақұт қалам,
Жарықтан қараңғыға батып барам...

ТЫЛСЫМ СЫР БАР, ТЫРНАЛАРДЫҢ ҮНІНДЕ

Сезімімнің сенгірінен сыр аулап,
Жылы жаққа тырна қайтты тырауладап.
Тырналардың тыраулаған үнінен,
Жыр-жүрегім түсті тағы бір аунап.

Жаным ғашық, жаным ғашық бұл үнге,
Көп тыңдағам, сонау бала күнімде.
Терендерге, тұңғирыққа тартатын,
Тылсым сыр бар, тырналардың үнінде.

Тырналар-ай!
Ұшып барад тізіліп,
Көп қараумен көңілім түр бұзылып.
Үндерімен, көз алдымға келгені,
Бала күнгі менің бейнем, сызылып.

Тырналар-ай!
Сезіп өмір ақпанын,
Дұрыс шығар, кері қанат қаққаның.
Сеніменен бірге кеткен екен ғой,
Сонау мұңсыз шақтарым.

Болғаныммен көп нәрседен құр қалар,
Қанатынан қандым бүгін сырға, бар.
Сыз-өмірден жаным кетті қалтырап,
Жылы жаққа ала кетші, тырналар...

ИММУНИТЕТ

Сыймайтын, құшағыңа каусырғанға,
Адамның құпиясы таусылған ба?
Адамзат!
Жаратқанның жазуымен,
Не нәрсе жок дейсіңіз нау-тұлғанда?!

Жаныма ойдың кесек тұзы құлап,
(Айтарым болмас сізге қызығырак).
Болса егер бойымызда бұл қасиет,
Қалар ма ед, кесірліктің сызы жырақ...

Білім бар, сенің-дағы үлесінде,
Дауым жок, бұл терминді білесін де.
Бойында күшті болса – иммунитет,
Ауырмай, аттай шауып жүресің де.

Пайда боп өңім түгіл түсімде мұң,
Бұл ойдан өнбей қойды ісім менің.
Тәнінді қорғайтұғын күш бар екен,
Жанынды не қорғайды?
Түсінбедім.

Ойымды жолыңызға үйіп өтем,
Кесапат – кесірліктің сыйы бөтен.
Табылар тән-ауруға талай шипа,
Жаныңның ауырғаны...
Қын екен.

Пенделік кіріп кетсе тойымызға,
Кей сәтте не келмейді ойымызға?

Жамандық атаулыға қарсы тұрар,
Болса ғой, иммунитет – бойымызда.

Бойласаң болашақтың тылсымына,
Ат басын аңғар жаққа бұршы мына:
Сөзіңіз өтеді ме, айтыңызшы,
Заманың зырылдаған үршығына?

Болса егер шыдамыңың шырқы бекем,
Ойымның ақ жаңбырын сіркіретем.
... Бола ма, жанға қорған иммунитет,
Кел, соны іздейікші...
Жүрші, көкем!..



ҚҰПИЯ...

Адамзатты Атлант мұхитында Бермуд үштаганы аждаһаның аузындаі үрейлендірсе, әлемнің басқа бір жерінде әзәзіл арандатқан жауыздық осі (алтытаған) жер-жаһаның шырқын бұзуда. Мұндай мекендерде Ібілістің адырнасынан шыққап оғы мұлт кетпей, пепделер ақ бөкендей оқ қушиуда. Ендеши, адамдар азғындыққа салынып, іштен ірін-шірігенде шайтанның үштагандары сынды улken пәлекетке ұрынуы әбден мүмкін...

*Уикипедия – ашық энциклопедиясынан
алынған мағліметтен үзінді*

Көк теңізде жел кернеген желкен ең,
Бұл жайында сен білесің ертеден.
... Сөз қылады ел Үштағанын Бермудтың,
Сөзіңіз не?
Сол жайында ерке өлең.

Ақиқаттың ақ боз атын тұсап қал,
Жоқ болды онда кемелер де, ұшақтар.
Құпиясын білесің бе?
Айта ғой,
Сен емес қой, шындығынды ұсақтар.

Ақиқаты – шайтандардың мекені –
Деген сөздің рас па, шындық екені?
... Шайтандардың шырмауындаі тірлікте,
Қыздырмайды бұл әңгіме – шекені.

Қаңғың келсе тағы да бір сырға ерек,
 Ғалымдар бар...
 Пікірлері бір бөлек.
 Пайым аз ба?
 Керек болса тағы да.
 Көршіме кел, айтып берсін мың дерек.

Коя алмассыз мына дауга нұктені еш,
 Жүріп жатыр бұл жайында мықты егес.
 Адамдардың құпиясы тұрганда
 Бермудыңыз – түк те емес!

Жоба қалып сені менен мен күткен,
 Асып кетер ол құпия ендіктен.
 Көңілінің қалтарысы адамның,
 Терендік пен тұратындей кеңдіктен.

Саяқ ескен сексеуілдей құмдағы,
 Мазалай ма, ана жанның мұң-зары?
 ... Адамдардың екінші аты – құпия,
 Бұл ғаламның шешілмейтін жұмбагы.

Жөн делікші, дұрыс болды-ау күлгенің,
 Ақиқатты келмес, бәлкім, шын дегің?..
 Ашылады құпиясы Бермудтың,
 Ал адамның тағдыры ше ?.
 Білмедім...

НАЙЗАГАЙДЫҢ НАЗАСЫ

Найзагай - Алланың бірегей белгілерінің бірі. Құннің күркіреуі адамзатқа ажсал кемесінің әр уақытта жақын екендігін мәлімдеп, өлинеулі омір-керуенінің көшпелі екендігін ұғындырады.

Islam.kz ұлттық, рухани-ағарту порталынан

Назаланам мен неге?

Саяал – осы, сайтан-міnez пендеге.

Тасбауырдың көтергенше салмағын,

Тастап оны жібермейді жер неге?

Жұгенсіздің жанарына жас қалап,

Мен жер болсам жіберер ем тастап-ақ.

Амал нешік?

Бұйырғаны көк – маған,

... Жол табамын, пенде, саған – басқарап.

Дауысыммен күркіретем әлемді,

Қайтесің сен, ал енді?

Кісөпірдің ұшырамын үрейін,

Құдайына бермейтүғын сәлемді.

Мына менің жарқылым,

Басады әр кез «қарғалардың» қарқылын.

Жаратқаным пендelerін осылай,

Астына алар – талқынын.

Қасиеттің тұскенменен кем құны,

Ұғатындаі шамадасың сен мұны:

Жарты әлемді жалпақ басып жүрсөн де,

Бір Аллаға құл екенің белгілі.

Сайтандардың зәріменен емделер,
 Жан ба едің сен, Жаратқанды кем көрер?
 ...Жай отымен осып өтсем басынан,
 Күніңе осы зар боларсың сендерелер.
АЛДАНЫ ата.
 Тәубене кел, пенделер!..

МАЙҚЫ БИДІҢ МОНОЛОГЫ

(Tolgay)

Кең дала, көз арбаған сағымы бар,
 Сағымнан мөлдір моншақ тағынып ал.
 Откеннен түбі терен сыр аулағын,
 Тарихтың тармағына бағынып әр...

Откеннің мөрін алып бармағынан,
 Тарихтың сыр аулайық тармағынан.
 Майқы би алдыменен түсер еске,
 Ат үркіп атағының салмағынан.

Кең дала абыздарын жоқтасын да,
 Өмір бұл, бір орнында тоқтасын ба?
 Керуен келе жатыр тарихымнан,
 Даналар.
 Майқы түрған көш басында...

* * *

Тарихты бүгінменен жалғап өтем,
 Жылжыық жырмен бірге алға бекем.
 ... Сол ғасыр сайлау өтіп, қайран билер
 Жошыны ақ киізге салған екен.

Олармен күбірткелі таласар күй,
Майқы би, Санғыл, Мәуке, Қарашар би.
Ақылы сабасынан асқандарың,
Кия мен құзыңнан да әрі асар кей...

...Ұлыстың осынау бір жиынында,
Жететін қашаннан-ақ сыйы мыңға,
Жошыға қарап Майқы сөз бастапты,
Өзгелер кіріскенде бұйығуга.

- Қайыспас ештеңеден қарт еменім,
Айтарым бар ед сізге, мәртебелім!
Бүгіннен қамданбасақ болмас, сірә,
Ертеңнің өсіруге тал-терегін.

Жан едің, қашаннан-ақ талғамы өзге,
Жөн делік, ата-баба салған ізге.
Ел болып, етек жапсақ деген едік,
Осыған айтарыңыз бар ма, бізге?

Жанында әлімсақтан жосыған мұң,
Жүрген ед, қолы жетпей осыған мың.
Осындай ел бастайтын қайран ерге,
Жүр еді қолы жетпей Жошы ханның.

- Сөз десе танытатын шайқы күйін,
Ризамын айтқаныңа, Майқы биім!
Ел басқар, ережеңіз болса егер де,
Сенімін тұратұғын артып ұйым?

Болады, кейінге осы шактар үлгі,
Майқы би мұдірмеді, ақтарылды.

- Қолдаушым бар кезінде мына сіздей,
Хан ием!
Қазағыма бақ дарыды!

Білгенге – қашаннан-ақ жыр алабы,
 Үш жүзден біздің қазак құралады.
 Қанының касиетін сактау үшін,
 Асқанда жеті атадан – қызы алады.

Ту тіксе, кісісі өлсе – ел келеді,
 Өлгенді өз құнына тенгереді.
 Кірісіп арасына ел ағасы,
 Әділдік танытады – ең керегі.

Өлгеннің толтыруға нақ керегін,
 Жабдық пен кескен құйрық ат береді.
 Ердің құны қашаннан сол еді,
 Екі жүз атпен құны шақ келеді.

Әр істі қарап алып байыбымен,
 Үш тоғыз – мал үрласа айыбымен.
 Жүз жылқы құн төлейді әйел өлсе,
 Дәл жүзіп әділдіктің қайығымен.

Қазактай сактау үшін ең дараны,
 Әділет билеу керек кең даланы.
 Қанга-қан!
 Қысастықлен өлтірсе адам,
 Дәл солай өлгені оның жөн болады!

Майқы би осылай деп тоқтағаны,
 Рazy бол Жошы ханым көп қарады.
 ...Мына бір малдас құрып отырған жан,
 Өзіне тым етene бол барады.

- Сөйлесең шарпығандай жанды жалын,
 Жарадың!

Бәрекелді!
Арғымағым!
Жақсы екен, мынау елді басқаруың.
Ақылың аз сөзінен болды мәлім.

Тілдері жақын тұрган тас жаарарға.
Тел өскен, жақын болып жастары – арға.
Бірлікті биік қойған мынау елің,
Қалайша бодан болмақ басқаларға?!

Ел дедің.
Ойламадың басқа Отанды,
Сеземін, жанарыңнан жас та тамды.
Қазақтай қайсар елді өзің басқар,
Майқы би!
Бердім саған ақ батамды!!!

* * *

Ағыттың тұлпар – жырдың кең шідерін,
Өлеңнің ғажайыбы, келші, керім!
...Майқы би өзі бастап таратыпты,
Үш жүздің таңбасы мен еншілерін.

Тарихым!
Сан ғасырлық құба тасым,
Бабамды есіме алсам – жыларатасың.
...Жүз жиырма жасқа келген Майқы бабам,
Таныңыз – түгел сөздің түп атасын!

Көгертіп ақылымен көсегені,
Ақылын ел жолына төсеп еді.
... Майқының есіңде алғын, айтқандарын,
Шайқымын дег жүргендер, көшедегі...

ҚАСЫМ ХАННЫң СОҢҒЫ КҮНДЕРІ
(*Tolғau*)

Ескі күн қыр астынан қылаңдасын,
Бағыттаң, соған бұрам жыр арнасын.
Хандарым хақ жолына бастап бізді,
Батырлар Алаш атын ұрандасын.

Өткеннің оралғанда өкпегіне,
Көңілшек көк те жасын төкпеді ме?!

Ақпанда арқасына аяз батып,
Оралды менің елім көктеміне.

Тарихқа талапайлы, мұрындық кім?
Жауапсыз сауалдардың мұнын жүттүм.
Толғаулы тіршіліктे біле алдық па,
Қадірін, Қасым хан мен Бұрындыштың?

Дүшпанын кезі жоқ-ты басындырған,
Кісәпір көркеудені Қасым қырған.
...Өткеннің өзегінен сыр аулашы,
Самал жел, соғып өткен жасыл қырдан...

* * *

Таныткан бар әлемге жасындығын,
Қайран ер, әмбеге аян асылдығың.
1521 жыл
Қыстың айы,
Сарайда жалғыз отыр Қасым бүгін.

Қайран ер, ойлап көрсе, от жүректі,
Айбыны, атағымен көк тірепті.
Қасымнан айласын жан асырмаған,
Қасымнан аскан, сірә, жоқ білекті.

Аспанда – бұлт, күн еді қара сұық,
Дейтіндей – «Қасым ханның наласын ұқ».
Сырт көзге сыр алдырмас ханекемнің
Көңілі қояр емес аласұрып.

Тірлікте қасиетін түсірмейді,
Сарп етті туған ел деп күшін, мейлі.
Несіне күйбіжіктеп кетті бүгін,
...Ер Қасым өзіне-өзі түсінбейді

* * *

- Тәу етіп, жүрмеген соң бейбақтарға,
Киік-күн көнілдегі күйді актар ма?
...Азаннан түрдыш-дағы келді жалғыз,
Сарайшық маңындағы зираттарға.

Зираттар.
Жалғыз нүкте сақталмастан,
Барлығын аппақ көрпе – ақ қар басқан.
Бұл жерде хандар жатыр әлем білген.
Бұл жерде жандар жатыр тақтан қашқан.

Бұл жерде...
Жә, жетеді!
Кім жатпаған,
Жер-ана барлығын да құндақтаған.
...Қасым хан сорасы ағып жылап отыр,
Неше күн сарайында үн қатпаған.

- Өмір-ай!
Бітер жерің осы ма еді?
Ақ жуып арулайды сосын елі.
...Откенді салады да өзегіне
Тіс қайрап, әлденеге өкінеді.

Кар жауған, қоюлантып тұз ақтығын,
 Ал, ханның көнілінде – тұзақты мұн.
 Ойымен сапар шегіп мәңгілікке,
 Отырды.
 Жалғыз өзі.
 Ұзақты күн.

* * *

Тілгілеп тіршіліктің құлте-мұңын,
 Ойыңың наркескенін сілте бүгін.
 ... Қасым ер келді ме еken бір шешімге,
 Шақырды сарайына үлкен ұлын.

- Ал, балам, ақылдым ең, Мамаш ұлым,
 Секілді көзімдегі қарашығым.
 Сойылын соғамын деп қарашының,
 Тірліктің көрдім талай нала-сұғын.

Өмір барда ақиқат – қаза бары,
 Боздайды бақылыштың қара нары.
 Есінде болсын, ұлым!
 Керек емес
 Елімді өзгелердің талағаны!

Тірі жан таянтастан теңдігіне,
 Қазақтың қол жеткіздім елдігіне.
 Жарты әлем басын иді ерлігіме,
 Жауым да разы болар кеңдігіме.

Мен өлем.
 Енді артымда сен қаласың,
 Қазақтың корғау үшін кең даласын.
 Атак қусаң – мансап пен шенді аласың,
 Ел қамын жесең егер – ең данасың.

Көрмендер, көршілердің келекесін,
Елімнің ешкім алмай берекесін,
Қызынды қылықты қып тәрбиелеп,
Ұлынды жалын – жүрек ер етесін...

Ал, Мамаш, ой түйе бер сөздерімнен,
Сыр бөлісе аламын өзге кіммен?
Алдында отырмын-ау ақтарылып,
Әй, бірақ...
Мен қорқамын өздеріңнен...

Әкенің ой салды ма, нала-сыры,
Көтерді басын әнтек Мамаш ұлы.
Көргені – әкесінің қос жанары,
Өңменін тесіп барад қарашибы.

Намысын жүргенімен қайрап ұлы,
Балайды әлі күнге тайға мұны.
Мән бермей сөзіне оның, бар айтқаны:
- Әкетай, айтасыз-ау қайдағыны...

* * *

Соңғы күн алданбапты сөзге бөтен,
Қасым хан бір нәрсені сезген екен.
Оttі ерім, бұл жалғанды жалпақ басып,
Жоқтады ел.
Бұған қалай төзбек екен?

Ұлыға басын иіп жаратылыс,
Сол күні тына калды дала тыныш.
Жоқтады ерке Жайық іштеп жылап,
Сынды деп балдағынан дара қылыш.



Тұган ер, текті елінің жорығына,
Қалың ба ед, мынау елдің соры мына?
Ақ жуып, қойды ұланын елі арулап,
Токтағұл. Жәнібектің қорымына.

Ақылы асып өткен сабасынан,
Құтқарған елін дүшпан табасынан.
Алаштың аймаңдайы Қасым қаған,
Жайықтың тыныш тапты жағасынан.

Кұрметін көрсеткен-ді ел данага,
Оғылан, оза шапқан ең дараға.
...Асылдың паш еткендей ақ көңілін,
Аппақ қар жауып тұрды кең далаға.



СЕЗІМНІҢ СЕНІРІНДЕ

ҚАРА ТҮСТЕН ТАБАЙЫН БА ЖАРАСЫМ?

Керім-күннің есіңе алыш қалыбын,
Сен де мені ойлайсың ба әлі күн?
Сенсең егер, мына жалған өмірдің
Кермек дәмін сен арқылы таныдым.

Кермек дәмін...
Жетпей қалып тәттісі,
Қанатынан қайырылып бақ құсы.
Тағдыр маған қара көйлек кигізді,
Жыртысының жетпей қалып ақ түсі.

Қара көйлек, қара жолак, қара гүл,
Өзегімде өткен күнге нала жүр.
Сұрқай өмір салып жатса табанға,
Серпілер ме, сұрғылт тартқан сана бір?!

Қара нөсер қара аспанинан төгілген,
Қара түнге үйір бопты көңіл де.
Қара түсті көзілдірік – көзімде,
Қара әйнектен қарап тұрам өмірге.

Өмір өзі тартса түстің қарасын,
Қара түстен табайын ба жарасым?
... Ой орманын кезіп жүріп сүріндім,
Сүрінгенім не екен десем – қара сым...

«ӨМІР» ДЕЙТІН

Кетем десен кете бер, қайтем енді,
Сезімімнің құлады-ау бәйтерегі.
Қасиеттің қақпасы тарс жабылыш,
Қасіреттің ашылды айқара өні.

Бақытым ба ең, аз күнгі, тұрақтаған,
Содаи кейін сытылып, жырақтаған.
«Тіршілікте біргеміз» деуші едің ғой,
Осы сөзің шешілмес сұрақ маған.

Жүргенімде тірліктің толғап әнін,
Жоспарының болғаны-ай, жолда мәлім.
...Енді маған белгілі
«Өмір» дейтін
Сахнада бір рөлді сомдағаның.

Шеберсің-ау!
Образға ене білдің,
Ене білдің, мен саған сене білдім.
«Көрерменнің» боп алдың қөзайымы,
Ғашық жырын жатқа оқып көне күннің.

Менен қалмай тапалтақ, тәмпіш мұңым,
Бойдан қашып кеткендей бар күш бүгін.
«Өмір» дейтін сахнада таң қалдыраар
Әртістігің керемет, әртістігің!..

ЖОҚСЫҢ СЕН ӨЗІҢ ҒАНА

Күн бүгін тұрып алды күреңітіп...
M. Мақатаев

«Күн бүгін тұрып алды күреңітіп...»,
Сонда да, жаным, сені жүрем күтіп.

Кездескен жерді айналып қазықтайын,
Ақ қарға атынды әр кез жазып дәйім.

Уайымым - (демеші несі мұнды),
Борасын жауып кетсе есімінді.

Есіме жиі алам да күлгенінді,
Тірлікте медет қылам жүргенінді.

Есіме жиі аламын сөздерінді,
Ұмытам содан кейін... өзге мұнды.

Сен сыйлаған сол жүзік қолымда әлі,
...Күрбаның болайын ба, жолындағы?!

Алқам да мойнымда әлі ай мүсінді,
Орал да қуант, баққа сай құсынды.

Патефоны өшпейтін торындағы,
Гүл сататын апай да орнында әлі.

Бақтағы күзетші қарт – бұрынғы адам,
Әлі қарап көрген жоқ қырын маған.

Дейсің бе, мендегі әлде, төзім дара,
Бәрі орнында.
Жоқсың сен өзің ғана.

«Күн бүгін тұрып алды күреңтіп...»,
Сонда да, жаным, сені жүрем күтіп...

КЕЛЕР МЕ ЕКЕН, ҚАНАТЫМЕН ТЫРНАНЫҢ?

Тырна келді тыраулап,
Тырна үнінен құлын-сезім бір аунап.
Қоя берді құлдір-құлдір кісінеп,
Сонау жылдың жанарынан сыр аулап.

Көкте-тырна.
Ұшып барад тізіліп,
Көп қарадым сондарынан сузіліп.
Сағыныштың салдарынан. түскені,
Жанарымнан жалғыз тамшы үзіліп.

Тырна, тырна.
Қағып баяу қанатын,
Есіме сап ұмыт болған ән атын.
Жан сырымды жария қып жалғанға,
Көбейтуде мұндылардың санатын.

Ұзатып сап тырналардың тізбегін,
Ескі күннен мөлдір елес іздедім.
...Сартап болған санамдағы сол күннен,
Табатын ем жүрегімнің ізгі емін.

Бір сырымды мен де айтайын – Есілге:
 Күз күнінде, кербез Қеңгір кешінде.
 Біз екеуміз қоштасатын күні де,
 Тырналарды көргеніміз – есімде...

Тырналарға көп қарадық, күрсіндік,
 Содан бері мұңлы өмірді бір сүрдік.
 ...Бір білгенім-тырналардың үнінде
 Бар екені ақиқат жай-тылсымдық.

Жылап ағып жылы ағысы жылғаның,
 Қалтыраумен қалтарыста тұр бағым.
 Сезімімді самғататын сол күндер,
 Келер ме екен, қанатымен тырнаның?..

...Қасірет-ай, қеудем астын тырнадың...

ҚАТЕЛІК

Жолыққанбыз бекер біз,
 Қателесіп кездескен-ақ екенбіз.
 Бақыт тілеп қоштасқанмын сенімен,
 Енді біздер – бейтаныспыз, бөтенбіз.

Ұсынатын өрі менен өкпегін,
 Ол күндерден алар еншім жоқ менің.
 Гүл сыйламай, мұң сыйлап ең, есімде,
 Тerezемді қақпаши енді, өткенім.

Жол ұсынса жаратқаным бұралаң,
 Тағдырыма қалай карсы тұра алам?
 Соқпактарда сан сүрінгем, құлагам,
 Жабыркағам, жылагам.

...Секілдіміз сезімдіге жат елік,
Таstadtы өмір құз басына әкеліп.
«Жалған» деген бірінші аты-өмірдің,
Екінші аты-қателік.

Үкілі үміт-бұл пендениң таңғы асы,
Көңілімнің көк кептері, самғашы.
Ак түстерді аспан менен қойды алыш,
Қара ноқта-тағдырымның таңбасы.

Осылайша басқа түскен ноқта-өмір,
Қара таңба қара тұнмен топта бір.
Азабыңың болады ма ақыры,
Айналайын, көк тәңір!..

Санам менің толса-дағы сұраққа,
Менің үшін сенің атың - жырақта.
Есімінді (кешір мені) ұмыттым,
...Телефонды өшірмедім бірақ та...

МЕНІ ІЗДЕСЕҢ – ЖЫРЫМДЫ ОҚЫ, СОНДАМЫН

Жырларымды оқы, мейлі, жыла да,
Тек жайымды сұрама!
Кей сәттерім жұлдызды сәт болса егер,
Кей сәттерім жақын шығар кінәға.

Жырларымды оқы.
Сосын күрсінгін,
Күрсініспен мен де өмірді бір сүрдім.
Кей сәттерде жерді құшып жыладым,
Кей сәттерде мына өмірге құлышындым.

Жырларымды оқы.
Сосын мұңға бат,
Жанарыңнан мәлдір тамшы жылғалап.
Киялымда құлаш ұрдым
Көңілдің
Парағына салып алған сұлбалап.

Жырларымды оқы.
Сосын куан бір,
(Өзегінде өзің сүйген жыр-ән жүр).
Көкке мені ап кетеді кей кезде
Тұягымен жер тарпыған құлан-жыр.

Жырларымды оқы.
Сосын толқығын,
Орындарын толтырып бір олқының.
Жырларымның жанды жерін табарсын,
Сезімдердің сүзіп көрші толқынын.

Тіршілікті өз әлімше толғадым.
Мені іздесең – жырымды оқы, сондамын.
Шыңға шықсам көз тігем де қияға,
Ұшпақ болып қанатымды қомдадым.

Жырымды оқы – сондамын...

ҒАШЫҚТАРГА ТОСЫН ІЗ

Көп отырдым жағасында Есілдің,
Ойға баттым.
Сосын сені кешірдім.
Тіршілікте табылмаған шешімі
Түйін едім, шешілдім.

Өмір-өзен.
Аға берер тоқтамай,
Біз – пандеміз.
Шыққандайын жоқ қарай.
Тізгінінді берсөң егер тағдырга
Алады еken ноқталай.

Бір еді ғой қашаннан-ақ жырымызыз,
Бір еді ғой қашаннан-ақ сырымызыз.
Не табамызыз, бес күн мынау тірлікте
Кінәласақ бірімізді-біріміз?

Кешірейік.
Дұрыс болар – осымызыз,
Солай салсақ ғашықтарға тосын із.
(Біз, негізі, мейірімге шөлдеген
Көп жандардың досымызыз).

Ерке Есілдің жағаны ұрған толқыны,
Ұмыттырды арадағы олқыны.
...Самолетпен самғаймын мен сен жаққа
Осы бүтін.
Ойландырмас жол құны...

ҰЛЫТАУДЫҢ СОЛ БІР АЙЛЫ ТҮНІНДЕ...

Махаббаттың маздап жанып шырағы,
Сезімдерге ерік бермей ғашықтық.
Біздер үшін-биіктіктің тұрағы,
Қол ұстасып, тау басына асықтық.

Көңілімнің көбелегін аулаған,
Сиқырлы бір сезім бардай үнінде.
Жанымызды ұлы сезім баураған,
Ұлытаудың сол бір айлы түнінде.

Тау басында-армандардың ақ туы.
Ақ сезімнің жария қып санатын.
...Менің үшін-махаббаттың акқуы,
Ұлытаудан қакқан еді қанатын.

Көңілімнің көбелегін аулаған,
Сиқырлы бір сезім бардай үнінде.
Жанымызды ұлы сезім баураған,
Ұлытаудың сол бір айлы түнінде.

Өшпестей боп жазылған-ды жүрекке,
Сол күндерді ән етемін, жыр етем.
Тіреу болған, арман менен тілекке,
Ұлытауда-сезімдер де ұлы екен!..

КЕЛЕР КҮНГЕ КЕСЕМДІ! ...

Не дей алам мұнысын-
Көніліме мұң кірді.
Шыдамымның шынысын,
Сайқал-уақыт сындырыды.

Алды, міне, тағы да,
Тынышымды, ұзак таң.
Ұмтылғанда бағыма,
Шалынамың тұзакқа.

Қашан татыр таңдайға,
Тіршіліктің тәтті әні?!

Тас атады мандайға,
Сұр тірліктің сақпаны.

Зор дегенім – сор болыш,
(Карғыс айтқам түсіме).
Өр дегенім – ор болыш,
Жиі түсем ішіне.

Досым менің!
Хал ұғар,
Түсін, мендей пендені:
Бөшке өзгеде – балы бар,
Мұң көзесі – мендегі.

Есенгіреп күн кешкем,
Қайғы болыш шаттығым.
Солып сабыр гүл-дестем,
Басын бұрып бақ-күнім.

...Жазылмаған бағыма,
Жіберу бір есемді.
Ұсынамын тағы да,
Келер күнге кесемді!..

ШОШЫТПА МЕНИ

Белес боп қалып - биік дегенім,
Шағылды тауым тағы да.
Өсек-өмірге күйіл беделім,
Құлағам көз жас қағына.

Осылай мен де құлап – тұрғанмын,
Жігерді жанып жырыма.
Қайғыны сосын... лақтырғанмын,
Өткен күн деген ұрыға.

Тұрғанмын.
Сосын қадам жасадым,
Алдағы аппақ тілекке.
Тап болып залым – заманға сағым,
Тұсірдім жүкті жүрекке.

Ақ таңға айттым армандарымды,
Үзе алмай жібін үміттің.
Жаратқан басқа салғанда мұнды,
Өмірдің сырын шын ұқтый.

Шаттық шеңбері шақырды мені,
Тырмыстым алға... тістеніп.
 Тағдырдың мынау, ақырғы кегі,
Шошытпа мені, түске еніп.

Кол создым талай кұлаған жанға,
Тағдырдың көрген талайын.
...Сақтаған маган сыбағаң бар ма,
Алдағы күнім-арайым?..

ҚӨГЕРШІН ЕЛЕС

Көз салатын өз бағыңа, қолдағы,
Жаратқанның жазуына не дерсің?
...Қос қанатын баяу қағып, қонғаны,
Тереземнің алдына кеп, көгершін.

Арын сатқан мансап пенен мінбеге,
Адамдардан іздейді ме арайды?
Қозғалысы тоқтамайтын түнде де,
Көше жаққа жаутаң қағып қарайды.

Аяулыны айналдырар аярга,
Күткені не, күлдібадам көшеден?
Құс қоңілі не нәрсеге қаяулы,ә,
Кермек мұнды татқандайын кеседен.

Ақ шуағын әкеледі таңдар қай,
Шат-тірлігің берер ме еken жиганын?
...Жер бетінде жем шашатын жан қалмай,
Торыға ма?
Сыры маган беймәлім.

Қамықты еken, қайғырды еken несіне?
Отыр әлі көңілсіздеу, бұйығы.
Оралды ма, түсті ме еken есіне,
Отken күннің өрті менен күйігі.

Кос жанарын жұма қойды міне, енді,
 Көшे жаққа қарады да, қамығып.
 Сол бір сэтте жан-әлемім түнерді,
 Жыр-жүрегім ауыр ойдан жанығып.

Кербез-керім күндеріме келесі,
 Ой салатын осы жайға не дерсің?
 Откен шақтың шығар, бәлкім, елесі,
 Тереземнің алдындағы көгершін?.

ӨЗІҢЕ – ҚҰЛШЫЛЫҚ...

Сүрінгем, құлағам,
 Егіліп жылағам.
 Біреуді жек көргем,
 Біреуге ұнағам.

Шалқығам, шаттанғам,
 Масайрап, мақтанғам.
 Тап болып құзға сан,
 Құлауға шақ қалғам.

Ес жиып тасырдан,
 Көңілім басылған.
 Сипаган емес-ті,
 Тағдырым басымнан.

Шаттықтан гүл өргем,
 Қайғыдан түнергем.
 Әділдік жолында,
 Құрбан боп, мың өлгем.

Толқыдым, тасып тым,
Бірі боп ғашықтын.
Бүгінгі күнімнен,
Ертенге асықтым.

Тойып та секірдім,
Тоңып та секірдім.
Салмақты, сарабдал,
Бір ойға бекіндім.

Ертенге ұмсынып,
Шаттанып, күрсініп.
Жүретін бар жандар,
Осы екен тіршілік.

...Өзіңе-құлшылық...

КУТУДЕМІН МЕН СЕҢ...

Әлі есімде, сенің сол бір сәттерің,
Өзің жайлы жырға толды дәптерім.
Көніліме көктем болып келдің де,
Жаным сенің сезіміңнен тапты емін...

Тапқан жаным тұрақ дәйім,
Қалай сені ұнатпайын?
...Арманымның аққу құсын,
Құлатпайын, құлатпайын!..

Жаратқаным жазған екен бізге мұң,
Алыс кеттің, сезіндіріп күз демін.
Сені іздедім күзгі бақтан күн сайын,
Сені іздедім, жаным, сені іздедім.

Тапқан жаным тұрақ дәйім,
 Қалай сені ұнатпайын?
 ...Арманымның ақку құсын,
 Құлатпайын, құлатпайын!..

Өзің едің нық тірегім, еңселі,
 Көнілімнің басылмай жүр кемсөні.
 Келешектің кемесіне мінейік,
 Күтудемін, күтудемін мен сені!..

Тапқан жаным тұрақ дәйім,
 Қалай сені ұнатпайын?
 ...Арманымның ақку құсын,
 Құлатпайын, құлатпайын!..

ТАУ ГҮЛІ

Жүргенменен жанарыңа құлкі еніп,
 Сезім тұрды ұяндыққа бүркеніп.
 ...Есінде ме, сол көктемде сен таудан,
 Әкелгенсің мына маған гүл теріп...

Тау гүлдерін жинадың да,
 Жалғыз маған сыйладың ба?
 Сол сәттердің әуені бар,
 Көнілімнің күй-бағында.

Құшак толы таудың гүлін ұсындың,
 Сонда, жаным, жаныңызды түсіндім.
 Гүлді құштым, қызғалдақтай қызардым,
 Ұяң едім, үн қатпадым, қысылдым.

Тау гүлдерін жинадың да,
Жалғыз маған сыйладың ба?
Сол сәттердің әуені бар,
Көнілімнің күй-бағында.

...Өтіп омір, басқа түсті қанша мұн,
Бала шақтан бұлдырайды сан сағым.
Санамдағы сарай кілтін ашатын,
Тау гүлінің жұпар иісін аңсадым.

Тау гүлдерін жинадың да,
Жалғыз маған сыйладың ба?
Сол сәттердің әуені бар,
Көнілімнің күй-бағында.

СҮЙГЕНІМЕ ШИПАНДЫ БЕР, ЖАРАТҚАН

Нәзік мұнның таптың – дағы иесін,
Қасіреттің тағы жақтың күйесін.
Уа, тағдырым!
Бар ма азабың тағы да,
Жібер маған, сына, ақынның киесін!..

Қос қолыңды сал да менің жағама,
Сілкіле бір!
Сезімімді сабала.
Толқыныңмен төпеле де тұншықтыр,
Лактыр сосын жағаға.

Сұрамаймын сенен, тағдыр, сый дара,
Мен ризамын у себілген сыйға да.

Маған жібер, қасіреттің барлығын,
Отінерім – сүйіктімді қинама!

Мен мінезге дей алмаймын – жарлымын.
Арқама сал, көтеремін ар жұғін.
Отінерім – сүйіктімді қинама,
Маған жібер, қындықтың барлығын.

Шаттық күннің кешпестен – ақ шалғынын,
Күрсінумен өтіп жатыр бар күнім.
Сүйгеніме шипаңды бер, жаратқан,
Мейлі, мендік бола берсін зар – мұзын.

Сан сұрағы сарсылтатын сананы,
Менің жаным – сынектардың алаңы.
Ұрламашы, жанымды ұтар сол жанды,
Тырнамашы, жүректегі жараны.

Тағдыр әлі тартып келед балактан,
Қуанышын сыйлар ма екен әр ақ таң?
...Сүйіктімді аман сақта, әрдайым,
Уа, құлшылық бір өзіде жаратқан!..

БАҚЫТ ДЕГЕН ҚАНДАЙ ЕКЕН ОЛ ӨЗІ?

Болсам керек шын ғашық,
Әлі отырмын, жүргегімді мұң басып.
Бір сен үшін дүниені тәрк етіп,
Кетейін бе, қиялар мен шыңды асып?

Кетейін бе?
 Жетейін де өзіңе,
 Елжірейін баурап алар сөзіңе.
 Бар әлемнің сыйып тұрган мейрімі,
 Көз алмастан жәудіресем көзіңе.

Бірақ, бірақ...
 Таппай жүрмін амалды,
 Бұзар күшті, арадағы қамалды.
 Тұс көремін:
 Тәтті елес те – бас жағы,
 Соны – сұмдық!
 Сан шошыдым таң алды!..

Мейлі, өзгелер «тілек» арнар табадан,
 Сезім – бұлақ суалмасын сағадан.
 Қасиетті қанжығамнан тастамай
 Қасіретті алсам ба екен жағадан?!

Жылдарым – ай, бақыт берген, мұң берген,
 Сан күлгенмін, сосын... жылап күн көргем.
 ...Бақыт деген... қандай екен ол өзі,
 Оны көрген секілдімін бір жерден.

Бақыт деген, әлде жаным, сен бе едің?
 Қадірінді білмедім бе?
 Пендерін.
 Көзедегі судың ішкем кермегін,
 Ел шаттанса – таусылмайды менде мұң.

Тылсым сырын тұндер айтқан, күн күлген,
 Қайран күндер, қол ұстасып, бір жүрген.
 Тағдыр тағы не жазды екен мандайға,
 Кім білген?..

ҒҰМЫРЫМДЫ ҚЫЛАР ЕДІМ АЙЫРБАС

Жаным менің!
 Сезгенімде дертінді,
 Қасірет кеп байлап алды еркімді.
 Музам менің әкелді де мөлдір мұн,
 Шемен – шерім өлең болып шертілді.

Тоқмейілге төр ұсынған тіршілік,
 Екеумізге сала берді қырсығыш.
 ...Көргенімде солғын тартқан жүзінді,
 Жаным қалды түршігіп.

Төзімімнің терезесін сындырып.
 Жүрегіме кеткендейін мұн кіріп.
 Күміс құлқім құніренді, күрсінді,
 Ал, шаттығым жібергені шынғырып.

Жаратқаным, тебем десең – дайын бас,
 Тағдырым – ай!
 Азаптаудан тайынбас.
 ...Жаным, сенің жалғыз сәттік құлқіңе,
 Ғұмырымды қылар едім айырбас.

Тағдыр – осы, мызғымайтын тас қамал,
 Да, дәрігер, дертке бар ма басқа амал?
 Асылымның қиналғанын көргенде,
 Жанараймнан жылжып ағып жас тамар.


...Оралайын өзің жайлы жайтқа мың:
 Жаным менің!
 Не тілейсің?

Айт бәрін!

...Күс кеп жатқан көктем еді бұл мезгіл,
Бақыт құсы, жөн болмайды қайтқаның!

Келер күннен күтем ізгі мен дерек,
Шаттық әні, қала көрме кенжелеп.
...Жаным менен жүргегімнің бөлшегі,
Айта көрме «енді маған келме» деп...

Жаным менің, жатырсың – ау қинала,
Сен жазылсан – болмас маған сый дара.
...Асылыма шипанды бер, шипанды,
Жаратқаным!
Лә иллаһи илаллаһ!..



*Ақын қызы! Саған деген жүрек лұтілімді осы ой
үшінші арқылы үзарсың!*

Ә.-ның Sms арқылы жолдаған хатынан

ҰШАҚТАҒЫ ОЙ

Құлан иек таң қылаулап атқанда,
Тыныштыққа әлем үйип жатқанда.

Биіктікке, метрменен он бір мың,
Самғаған сәт, бар санамды көндірдім.

Сорғаладым, жерге жыр боп құйылдым,
Жаратқанға сыйындым:

О, Жаратқан!
Бір өзіңе сыйындым,
Пенден едім, сезім бұзған күйін мың.

Жаратпадың, шүкір, мені тексіз ғып,
Санамдағы сүрлеу соңы – шексіздік.

Ақын қызды, жырдан тапқан зор бағын,
Колдай бергін, қолдағын!

Татқызыбағын, тірлікте енді сор дәмін,
Тәттілерге толтыра бер жол қабын.

Әрқашанда бакқа бұрсын ат басын,
Дарияда жүзсін дәйім, батпасын.

О, Жаратқан!
 Қаламына қуат бер,
 Кеселдіні айықтыраң күн сайын.
 Қанат қаққан өлеңінен суат бел,
 Алсын нәрді, алып күшті әрдайым.

Жырлары оның екпінді боп дауылдай,
 Кісәпірлер жүрсін әрең, ауырлай.

...Еріккеннің бола алмаған ермегі,
 Қара өлеңді сағындым-ау, жердегі.

Шалқарыңнан шәрбат шырын ішейін,
 Жерге өлмейтін жырларыммен түсейін.

...О, Жаратқан!..

ОСЫНЫҢ СЫРЫ НЕДЕ ЕКЕН?

Кеудене қойып басымды,
 Солықты баспай, жыласам.
 Сонда сен сұртіп жасымды,
 Жайымды менің сұрасан.

Аспанға қарап, тұнжырап,
 Айтар ем саған жайымды.
 Тыңдарсың, бәлкім, шын жылап,
 Пікірлерімді пайымды.

Сырларым менің – мұңдылау,
 Сырым мен мұңым – егіз-ді.

Талғажау болып – тұнжырау,
Бойлагам терен тенізді.

Мінезді дейді ел мені,
Кінәлімін бе осыған?
Тіршілігімнің тендеуі,
Шешілер ме екен?

ТОСЫЛАМ

Менімен бірге егіліп,
Менімен бірге қуансаң.
Менімен бірге езіліп,
Менімен бірге жұбансаң.

Кеудене қойып басымды,
Солықты баспай, жыласам.
Сонда сен сүртіп жасымды,
Жайымды менің сұрасаң.

Амал не?
Жоқсың қасымда,
Алдында көздің – елесің.
Жанардан тамған жасым да,
Күтеді сұртер егесін.

Айтайын енді...
Ұнайсың.
Осының сыры неде екен?
Жайымды қашан сұрайсың,
... Ұн қатпай қойды телефон...

КӨКТЕМ ЕКЕН...

Көңіл тіпті сене алмас,
 Қара таспен тендес пе ең?!
 ...Ұмыттың ба?
 Ең алғаш
 Күнімізді кездескен?

Көктем.
 Ғажап айнала,
 Гүлге айналған көк белі.
 Аймалайтын жай ғана,
 Кос жанарың тек мені.

Жүзінде еді – жиғаның,
 Айналдың ба жұлдызыға?
 Гүл әкеліп сыйладың,
 Гүл мінезді бір қызыға.

Қайта оралмас бір сәт бар,
 Ол сәт – сол сәт, расым!
 Көңіл толқып, сыр сақтар,
 Кеңге жайды құлашын.

...Алыстағы армандаій-
 Сол бір сәттер, сол шақтар.
 Еске көп жай салғандай,
 Мөлдіреген моншақтар.

Сол кез тағдыр – несіпті,
 Біреу айтса – сенбес ем.
 ...Қағып тұрган есікті,
 Көктем екен.
 Сен десем...

БІР КҮНГІ ЖҰМАҚ БЕРЕ ГӨР!

Жалғанмен сансыз жағаласқанмын,
Сілкілеп, мейлі, жатса да.
Сырымның құлпын саған ашқанмын,
Мінезі жібек, жақсы аға.

Тарпаң тағдырым таяқтаганда,
Жығылғам...
Сосын жылағам.
Түн ауып, ақ таң таяп қалғанда
Түс көргем.
Бақыт тұр аман.

Арманға аппақ ұмтылдым ерен,
Орнымнан сосын тұрдым да.
...Кісәпірлердің құлқынын көрем,
Қазағын тартқан күрдымға.

Күндерім кейде теріс қараған,
Ауыртпай басын хал-демім.
Жығылыш жатып, женіске қадам
Жасаған сәтім бар менің!

Көңілде сол кез қалған ән-жырдың
Табылар ма еken жалғасы?
Арқаға құйып жауған жаңбырды
Жырлашы, жүрек!
Талмашы!

...Жақсы емес-ау, бұл тегі,
Көзін қандай ызғарлы?

Мін іздедің тағы да,
Өп-өтірік кінәлап.
Бақытымның бағына,
Кірген біреу сыналап...

P.S.

Айтсам осы – шешімін,
(Мұның бірақ несі мін?)
Сен кінәлі болсан да,
Мен сұрайын кешірім...
Келісесің бе?..

ОЙЛАМУҒА ТИІСТІ ЕМЕС ШЫГАРМЫН...

Болып едім ұмытпақ, тағы түстің есіме,
Осы сені, білмедім, ойлайды екем несіне?
Алдамақ боп өзімді, әр нәрсеге таңданам,
Жоқ екенін аңғарам, сенен жакын жан маған.

Жүрейін деп жарқылдал, өп-өтірік күлемін,
Күлемін де қадірінді сезінемін, білемін.
Бөлмелек болып ойымды, үңілсем де кітапқа,
Қиялымда жүремін тек өзінді құшақтап.

Елмен бірген отырам, тамашалап фильмді,
Әлдилейді бірақ та, көнілімді күй мұнды.
Ән тыңдаймын, әншінің әуеніне тербеліп,
Сол сэттерде қалмадың неге ғана сен келіп?

Баяғы бақ.
 Сол бақты жалғыз кезген кезімде,
 Оралмадың сен маған, су септің-ау сезімге.
 Көк аспанның көз жасы алақанға тамғанда,
 Жаным жалғыз болсам да, сыймай кетем
 жалғанға.

Болып едім ұмытпақ, тағы түстің есіме,
 Осы сені, білмедім, ойлай берем несіне?
 Неге?

Неге?

Мен осы сені ойлауға құмармын,
 Ойламауға тиісті емес те шығармын...

НЕГЕ ОЛАЙ?

Жанарымнан моншақ үздім,
 Тұн жарымда, тағы да.
 Тағдыр неге сонша бізді
 Байлады удың қағына?

Арманымыз асқақ еді,
 Шырындайын тәтті еді.
 Бізді шыңға бастап еді,
 Биіктегі бақ лебі.

Саған шексіз сеніп едім,
 Күнде көріп түсімде.
 Құшағында еріп едім,
 Селкеу болмай ісінде.

...Ал, бүгінде басқа – бәрі,
 Мөлдір мұңым – жақтасым.

Тағдырымның тас қамалы
Тарс бекіткен қақпасын.

Сезім сөйтіп тұйықталған,
Сүлдері қап тағатым.
Өсек-өртке күйіл қалған,
Кияға ұрган қанатым.

Мен қакпаймын есігінді,
Кеткен бақыт, мезгілсіз.
...Есіме алсам есімінді
Күй кешемін дегбірсіз...

Неге олай?..

... САҒАН ӨЛЕҢ ЖАЗУДАН

Қонырау да соқпадың,
Ұмыттың ба, шынымен?
Басымдағы нокта-мұң,
Тұқыртады тұнімен.

Музамменен мың жылап,
Таң атады тұнжырап.
...Сенсіз маған, кеткендей
Кияметке күн құлап.

Болғаны ма күн ғаріп?
(Кешір, кетсем жынданып.)
Жаз күнінде барады,
Жүрегімді мұң қарып.

Өп-өтірік күлемін,
Өп-өтірік жүремін.
...Алдыңдағы ақпардан,
Елес берді тұр-өнің.

Елес болған – ертеңім,
Жан ем.
Сырды шертемін.
...Саған өлең жазудан
Шаршамаймын мен, тегі...

ТАБАЛАМАСЫН ТҮНДЕРІМ

Құлдырау болып, биік дегенім,
Сүріндім, сосын құладым.
Сипады бастан сүйікті өлеңім,
Ағыл да тегіл жыладым.

Шыдамымды сан сынады ақпан да,
Төзгемін талай.
Шыдағам.
Жылғасы жанның жылап аққанда,
Жарысып мен де жылағам.

Жылағанымды көрдің бе, жаным,
Көнілден аққан көз жасым.
...Жабайық, жаным, сол күнге бәрін,
Шарасын шердің қозғасын.

Құлатпа, менің таянышымды,
Сенгенім – келер күндерім.

Білдірмे бірақ аянышыңды,
Табаламасын түндерім.

Келер күн.
Сені жыр ете берем,
Қалғанша, мейлі, сұлдерім...

КЕШІРЕ ГӨР САЯБАҚ...

Сен біздерді тұрушы едің аялап,
Айналайын, сая-бак.

Бізге сая болып едің, көк терек,
Тұргандайсың енді маған өкпелеп.

Таң торғайы, әнің неге мұндылау?
Жаныма әкеп салғандайын қылбұрау.

Біздің сезім кеткен соң ба, сұйылыш,
Көшелердің шамы қапты қылыш.

Бұрын бізге жымыңдаушы ең, жүлдышдар,
Енді маған сеуіп тұрсың түнгі ызғар.

Шуагыңыз қайда кеткен, жарық күн,
...Жарық күнде жол таба алмай зарықтым.

Кешіре гөр.
Осындаймыз.
Әктембіз,
Көшедегі гүл сататын көктем-қызы.
Бұрын бізді тұрушы едің аялап,
Сұрғылт тартып кетіпсің-ау, саябақ.

Дәл бүгін-ақ кезіп кетіп жер бетін,
Табам анық келер күннің келбетін...

ЖАНЫМ МЕНІ ЖАУРАТПА!..

Пайымсызы бірін-бірі пышактап,
Мына дүние бара жатса ұсактап,
Қорғап мені мына қорқау тірліктен,
Алшы, жаным, құшақтап.

Көз алартып кесірліктің қандені,
Адалдықтың біткен кезде хал-демі,
Тастай сал да таусылмайтын тірлікті,
Келші маған.
Құшағыңа ал мені.

...Аспаныма қара бұлт кеп төнгесін,
Табанымнан алмай тірлік шөнгесін,
Сезіміңді алғам, жаным, құндақтап,
Сондағы ойым – сендік сезім өлмесін!

Өзге ойларды тізерлетіп, бұқтырып,
Сені ойладым, жанарыма шық тұнып.
...Келер күннен кесірлікті сезе ме,
Тұніменен көршім иті шықты ұлып.

Не деп кеттім?
Кесірлігің аулақ қап,
Енейікші, бізді күткен нау-бакқа.
Жаз да бітті.
Күз келеді күні ертең,
Жаным, мені жауратпа!..

БҮГІН АНЫҚ ТАНЫДЫМ!

Сансыз ойлар сендей көшті басымда,
Шарап ішіп, сен отырсың қасымда.
Сенің санаң тарткан сайын буалдыр,
Ширығамын, мен айналып жасынға.

Ширығам.
Сағым болып алыстаса сүйрік-ән.
...Ібілістер сені айналып ұшып жүр,
Жаратқанның күтіп жалғыз бұйрығын.

Сен отырсын, екі жағаң – жайлауда,
Мен отырмын, құс-көңілім – байлауда.
Бөтелкеден екі қолың айырмай,
Серт бересің, «Тура жолдан таймауға».

Серті несі?
Өзге сөзің жай қалып,
Сәлден кейін қала бердің шайқалыш.
Шишағады сайтан ісі,
Қалғаны
Сөзің менен іс арасы байқалып.

...Сен жамапсың, жұмыр жердің жарығын,
Енді бұздың жасандылық қалыбын.
Шарап әкел, даяшы қыз, «серігे»,
Бүгін анық таныдым!..

ТАЛАЙ-ТАЛАЙ ТЕПЕРИШКЕ ТӨЗГЕН ЕК

Қайтейін мен сөзді елең,
Өзге жандар өмір бермес өзгерек.
Сен екеуміз сезім ортақ сол кезде,
Талай-талай теперішке төзген ек.

Көтергенбіз, тағдыр басқа салғанын,
(Тәнірінің талғамындай – талғамым).
...Күні кеше жүруші еді қоқыста.
Қарқылдауын қараши, анау қарғаның.

Ізімізге еріп әр кез ізгілік,
Үкілі үміт тұратұғын үздігіп.
Сендік сезім биік еді аспаннан,
Алаулаған Алма қызда – қыз-қылық.

Сескенбедік анау айтқан сөзден біз,
Талай-талай қыпндыққа төзгенбіз.
Қорқытпады қылышы бар қысың да,
Тұнжырап кеп төбемізден төнген күз.

Қайтейін мен сөзді елең,
Өзге жандар өмір бермес өзгерек.
Сен екеуміз сезім ортақ сол кезде,
Талай-талай теперішке төзген ек.

Сол ұранды, жаным, әр кез енші ғып
Жүрмін әлі.
Жұртқа жасап кеңшілік.
Өзге жанга көрсетпеспін өктемдік,
Кеткенінше, жыр-кеудемнен дем шығып...

Талай-талай теперішке төзген ек

ТЕК ҚАНА СЕНІ СҮЙЕМ!

Мейлі,

Қайғырта бер, сен мені мұңайта бер,
Сезімімді сыналад сыр айта бер.
Тек қана сені сүйем.

Мейлі,

Шөліркетіп әрдайым мейірімге,
Лактыра бер, тұнғиық иірімге.
Тек қана сені сүйем.

Мейлі,

Мекен етсем – етейін мұңсағасын,
Жанарымды тұнек кеп тұмшаласын.
Тек қана сені сүйем.

Мейлі,

Алып қой да алдыннан айбынымды,
Толтырып бер қалтама қайғы-мұңды.
Тек қана сені сүйем.

Мейлі,

Сөндір-дағы санадан шырағынды,
Суалта бер сезімдей бұлағынды.
Тек қана сені сүйем.

Мейлі,

Жылата бер, ұсынып жиі мұңды,
Құлата бер арман-тау – биігінді.
Тек қана сені сүйем.

Жаным!
 Күтесің бе, сен менен күй еңсели,
 Сүйем сені, тек қана сүйем сені!..
 Мейлі...

СЫР АЙТШЫ, ДАРА ҚАЙЫҢ

Сыр айтшы, дара қайың,
 Жыр қылып, бар әлемге таратайын.
 Тау-ата оянсын да, сіліксін бір
 Ақ қардан баса киғен малақайын.

Алқынған, арындаған ақ бұлағым,
 Даlama хабаршы бол шапқыладың.
 Көгімде күлімдеген күнім, менің,
 Жаныма жақсылықтың жақ шырағын.

Мойныма тақсындағы ай алқасын,
 Сәулесі санама кеп аялдасын.
 Түннің де жанарынан тамшы тамсын,
 Тамылжып ататын таң таянғасын.

Жұлдыздар (көп жырлаған Тұмаш ағам),
 Сыр толы сыйлығым деп мына саган,
 Сұңгітсін саусағыма жүзіктерін,
 (Жадырап күледі екен, ұнаса адам).

... Сырына ақ қайыңың қанайын да,
 Жырымның жалынына жанайын ба?
 ... Қайыңға құлак түрдің, тынышталың,
 Сыңғырлап не түр екен сарайында?..

КӨҢІЛІМНІҢ КӨРКІНЕ КӨЗІНДІ САЛ

Қараймын да мен сенің көңіліце,
Салмақ жүктеп аламын өміріме.
Жаспен толған шаrasы жанарымның,
Шақ қалып төгілуге.

Бас қатырмай тірліктің толғамына,
Сен – ризасың, айтқаның болғанына.
Басын мұжіл бүгіннің сен отырсың,
Көңіл бөлмей келешек жол қамына.

Көңілімді керіп ап желкеніме,
Мен отырмын, мұң шағып ертеңіме.
Маужырайсың сен болсаң, манаурайсың,
Әжем айтқан сеніп қап ертегіге.

Сол күндер-ай!
Бәрінен биік едің,
Биік едің, мен сені сүйіп едім.
... Сол күндердің сарғайған сағынышы,
Мазамды кеп алады жиі менің.

Шыдамымды шарыққа қайрап алып,
(Сен туралы шығармын жайға қанық).
Байқағаным – бейдауа тіршіліктे
Жоғарыда жүлдзызың.
Айдан анық.

Жаймас, сірә, біздерге ән құлашын,
Мінезіңе қашанғы жан шыдасын?
... Көңілімнің көркіне көзінді сал,
Жанарымның татып көр тамшы жасын...

ОРАЛУ ЖОҚ ӨТКЕНГЕ

Жанары ма ең жанымның, мөлдіреген,
 Жұмақ па едің, жарапған бағына елдің?
 ... Жас шағымның жалауы желбіреген,
 Елге келдім.
 Кеңірге тағы келдім.

Кеңір өзен толкиды баяғыдай,
 Жағасында өткеннің ізі жатыр.
 Өткен күнге жанымды жаям ұдай,
 Қабырғасын көңілдің бұзып ақыр.

Самал желің – жаныма жақын, ізгі,
 Толқындарды тербеткен майда леппен.
 Өз қолыңмен жазып ең атымызды,
 Таппай қалдым сол тасты.
 Қайда кеткен?

Оралу жоқ енді сол нау-шағымға,
 Енді саған тартайын несіне өбек?
 ...Кеңірде әкел сен таққан саусағымға,
 Жүзігінді лақтырдым Есілге әкеп...



СУРЕТИНЕ ҚАРАП СОЛ ЖАННЫҢ...

Қанатыма құлқын байлаپ қорғасын,
Күндер өткен, гүл теретін көгалдан.
Ешкім мені іздемейтін болғасын,
Мен де ешкімді сағынбайтын боп алғам.

Сағынбаймын!
Сағынамын несіне,
Сағымдай бол барлығы да жоғалған.
Бақыт келіп қарап тұрды тесіле,
Бірақ оған сенбейтүғын боп алғам.

Жамылғым ол – жасы тамған жабығыс,
(Естілмейді бұл пәтерден жыр-ән көп).
Бар әлемдік сартап болған сағыныш,
Төбеме кеп кілкіп тұрар тұман боп.

Миығыма жиып алып мекерлік,
Мен айтайын бүгін сізге күпірлік:
Сағынышқа қарсы атуға жетерлік,
Қаталдықтың барына да шүкірлік!..

Санам менің толып кеткен сұракқа,
Тәнімнен тыс күн кешетін болғанмын.
Сағынбаймын.
... Кей кездерде бірақ та,
Суретіне қарап қоям ... сол жанның...

ҚИМАЙ ҚАЛДЫМ ТАҒЫ Да...

Болып па еді мен бейбакта мұңсыз күн,
 Тамырыма тас байлаған тіршілік.
 Бүгін сенің туған күнің ...
 Үнсізбін,
 Бар тапқаным – жылап алдым тұншығым.

Бақыттыңның алма тергем бағынан,
 Әлі есімде, ғажап еді-ау сол бір кез.
 ... Бүгін мұндан мөлдір моншақ тағынам,
 Жасқа тольп мөлдір көз.

Кім кірлеткен, көңілдегі дәптерді,
 Жаным жапа шекті, менің жарқынным.
 Сақтайын деп сол бір шуақ сәттерді,
 Саған сағат сыйласп едім, алтынным.

Өмір – осы, өзің менен шеттедің,
 Сол сәттерде маған мәңгі мұң кірген.
 Бақыттыңның тез аударған беттерін,
 Мен сыйлаған сол сағат па?
 Кім білген?..

Жанарымнан аунап кетіп жарты әлем,
 Солай, солай.
 Мендік бақыт тоналған.
 Шемен болған мендік шердің шарты – ерен,
 Мен сағатты жек көретін бол алғам.

Сол сағат па?
 Себеп болған бұл жайға,

Сірке суын сеуіп кеткен бағыма?
... Лактырмақ ем қолымдағы сағатты,
Кү дүние-ай!
Кимай қалдым тағы да...

ШӨЛДІ КЕЗЕМ СЕН ҮШІН

Келем деп ең – келмедің,
Хабарыңды бермедің.
Қалды дейсің, жаным-ау,
Сенен басқа менде кім?

Сағындырың соншалық,
Мен отырмын томсарып.
Шөлді кезем сен үшін,
Қара нарға қом салып.

Сағындырып сан атың,
Жанаңдан жас таматын.
Көкті кезем сен үшін,
Сұрап құстың қанатын.

Обал – сезім текке өлсе,
Сую керек тек менше.
Сағынамын мен сені,
Жер астына жеткенше...

СЫРЛАС, ТАҒЫ БЕРИШПЕН

Сенің үшін керістім-
Айтқаныма келіскін!
Көңіліне өткеннің,
Қатып қалған берішпін.

Жанаарыма жас толып,
Қатып қалғам тас болып.
Көз жасымнан көрмәдік,
Жасап ішкен тас-қорық.

Көңілдегі көз жасым,
Шерінізді қозғасын.
Амал бар ма?
Тұлпардан
Тұғырларың озғасын...

Жанаарыма қарашы,
Жас жуады шарасын.
Қайтем,
Қарға аққумен
Тауып жатса жарасым?

Бермес саған теріс дем,
Сырлас, тағы берішпен.
... Көңіліңе сенің де,
Көшіп алам.
Келіссен!..

ТҮБІ САҒАН БАРАРМЫН

Күндіз күлкім қашқан-ды,
Тұнде ұйқым қашқан-ды.
... Қарғайын ба, қайтейін,
Мені ұқпаған аспанды?

Қарғайын ба?
Қайтемің,
Білсең егер айт емін.
... Жылап тұр ма аспан да?
Болмас, сірә, әй, тегін...

Көңілімде – сұрақ кіл,
Аспан неге жылап тұр?
Солқылдайды, ышқынып,
Сенбесеңіз – құлақ тұр.

...Жаулап алып есіл мұң,
Аспан, сендей тесілдім.
Ақтарылған Алманы,
Кешіре алсаң – кешіргін.

Қатуланып қабағым,
Тарс айрылды таланым.
... Естен шығып кетіпті,
Түбі саған барадым...

ЖҮРЕККЕ ӘМІР ЖҮРМЕЙДІ

Есінде ме, гүлге оранған сол көктем,
 Бақытты шақ, біздер алғаш жолыққан.
 Куаныштан аспан жасын көлдеткен,
 Бақытым деп сені таптым.
 Соны үққам.

Бұлт басып арай-таңымды,
 Көңілім сенсіз құлмейді.
 Түсінші, менің жанымды,
 Жүрекке әмір жүрмейді.

...Мұнмен өтер деп білмегем мұнша айым,
 Жанымды сен қалай гана сезбедің?
 Көз алдымға оралады күн сайын,
 Алғаш маған гүл сыйлаған кездерің.

Сақтап әмір сол бір салқын қалыбын,
 Маған мәңгі тарқамайтын мұң берді.
 Жүрегіме сақтап жүрмін әлі күн,
 Сол күндерді, сен сыйлаған гүлдерді.

АҚ ҚАНАТТЫ ЛЕБІЗДЕР

ТАУЛАРМЕН БИКТІГІ ТАЛАСАТЫН

*(Заң ғылымдарының докторы, профессор,
 ҚР еңбек сіңірген қайраткері
 Ағыбаев Арықбай Нұсіноліұлына)*

Ойының қалыңдығы – ормандайын,
 Жанына шарапаты толған дәйім.
 Жас өскін жел өтінде қалмасын деп,
 Болатын бәріне де қорған қайың.

Танытқан терең ойлы ғалымдығын,
 Есімі бар аймаққа мәлім бүтін.
 Бет алып адалдықтың ауылына,
 Салған ер, иығына таным жүгін.

Көктегі күн секілді құліп тұрып,
 Танытқан ез ісінде біліктілік.
 Жалғанда жаза баспай адалдықтан,
 Әділдік шебінде әр кез тұрыпты нық.

Көрсетпей кішілерге бір ағатын,
 Танытқан танымы мен ұлагатын.
 Жүрегі жақсылық деп соғады да,
 Тілегі мейірімнен құралатын.

Пайымдал көріңіші парасатын,
 Өзіне өрлік қана жарасатын.
 Теңізбел өлшенеді – терендігі,
 Таулармен биқтігі таласатын.

Жұзіне қашаннан-ақ ар ұялап,
 Ағады көңілінен дария-бак.
 Жанының сүттей аппақ тазалығын,
 Жүргегі тұрады әр кез жариялад.

Жанының жақұтқа орап ар-киесін,
 Көрсеткен ұл-қызына тәрбиесін.
 Талаптың білер едің қандайлығын,
 Көрсөніз жұмысының бар жүйесін.

Намысы – күзетте тұр, балтаны алыш,
 Тамыры тектілікке тартады анық.
 Көргенде осы ағаны, серпіліп бір,
 Әділдік шыға келер арқаланып.

Ақ түспен жазып алыш Алаш атын,
 Ар үшін қыындықтан әрі асатын.
 ... Таңсәрі.
 Ал ол кісі асығуда,
 Жұртына тигізуге шарапатын!..



ӘДІЛДІКТІҢ ӘНІ КЕТТІ ҚАЛЫҚТАП...

(КР Парламент Сенатының депутаты
Бекназаров Бектас Әбдіханұлына)

Тектілік пе, таянышын-бір сенер,
Азаматсыз, тіршілікке нұр себер.
Жүргіме гүл шыгар ма ед, жайқалыш,
Мынау әлем әділдіктен тұрса егер?!

Тағдырыннан несібе осы, сый-осы,
Адал жүріп, анық басу иесі.
Қолдағаны ақиқат жай-қауымға,
Жуалының топырағының киесі...

Адалдықтың ақ бесігі ұнайды, ә!
Сенімінді сұрқай өмір сынай ма?
Момышұлы Бауыржанның рухы
Қолдар сізді.
Ақсарбас де құдайға!

Танытады салқын шырай, күз қабак,
Жебір тірлік жіберердей сызға орап.
Жаныңызға рух берген-ді сан рет,
Мұртазаұлы Шерхандайын мұзбалақ!..

Бөрі мінез, айналайын, өр елім,
Өрге ұмтылса-куаныш қой, өренің.
Өнегесін өн бойына сіңірген,
Әйтеке мен Қазыбектің, Төленің!..

Еміренер «ер ұлым» деп ел сені,
Биік ұстап келе жатсың еңсені.

...Аламаннан адалдықтың аты озды,
Тұрлаусыздар шанды қапты, тенселіп...

Адалдықтың бағасы артық алтыннан,
Алатұғын алғысың көп халқынан.
...Алашыңың аспанында қалықта,
Әділеттің шағаласы, шарқ ұрган!..



БІР ӘН КЕТТІ ШАРЫҚТАП...

(Әнші-сазгер, актер Нұрлан Әлімжановқа)

Тамырына балта шауып тамүқтың,
 Көкірегіне сәуле құяр ғаріптың,
 Құлімсіреп қоя берді құллі әлем,
 Бұлт астынан шыққан кезде жарық күн.
 ..Қырандайын биіктеге қалықтап,
 Сазгердің әні кетті шарықтап.

Курен атын босатты да дертеден,
 Бұлақ көзін ашқанда атам ертемен.
 Таң самалы желпіл өтті ғаламды,
 Жанды тербеп ерке өлең....
 ...Қырандайын биіктеге қалықтап,
 Бір ән кетті шарықтап.

Сезімдіні ен алдымен сиқырлар,
 Көнілімде қубірткелі бір күй бар.
 ...Оралханның қарындасы шығармын,
 Ей тұнық тұң, ұйқымды ал.
 ...Қырандайын биіктеге қалықтап,
 Бір ән кетті шарықтап.

...Бағытынды болжай алсаң ендігі,
 Әннен оны бөле алмасың белгілі.
 Сазгер отыр, құс үніне құмартыш,
 Faшық етіп мына әлемнің кеңдігі.
 ...Болмысы оның сәл өзгерек жан шығар,
 Ән боп тамды, көнілінен тамшылар.

Есіп өткен самалдан да сыр ұғып,
 Мына әлемнің келбетіне құнығып,

Тарлан тауға қайрап алып жігерін,
 Таң қалдырып танғы үміттің тұнығы.
 ...Болмысы оның сәл өзгерек жан шығар,
 Ән боп тамды, көңілінен тамшылар.

Еттің бе еңбек ұлы өнердің жолында,
 Не жетеді, із қалғанға сонында?!
 ...Үй сыртында аттан түсті бір адам,
 Бұзау тісті қамшысы бар колында.
 ...Талай-талай тұлғаларды сомдаған,
 Қыран дерсің, қос қанатын қомдаған!..

... Хас батыр ма, қателестім.... шешен бе?
 Тегін емес.
 Сөйлеуге әбден төсөлген.
 Өнеріне өре жетпес – анық бұл,
 Алғысы да шексіз, алған неше елден.
 ...Талай-талай тұлғаларды сомдаған,
 Қыран дерсің, қос қанатын қомдаған!..

Сұрқай тірлік кеткенменен салқындал,
 Асыл жанға ар-адалдық – алтын бак.
 Сахнада тартысады ол тағдырмен,
 Жанарынан жастық оты жарқылдал.
 ...Талай-талай тұлғаларды сомдаған,
 Қыран дерсің, қос қанатын қомдаған!..

Өрелі өнер.
 Өршіл өрен.
 Сай қалып,
 Үш тұлғаға қарамақ ем жайланаңп,
 Жалындаған өнерімен үш жігіт,
 Бір адамға кетті бір сәт айналып!..

ӨНЕГЕСІ ЖҮРЕГІМЕ ЖЕТТІ НЫҚ
*(КР Жөннөрдің Сотының бас консультанты
 Бекбосын Тілеулі Гасылұлына)*

Дәлдік ұғым деп бағала – жұмысын,
 Сауаттылық.

Биік қойғын мұнысын.

Тіл тұғыры – Тілеулі аға міндеті,
 Ана тілдің аша білген тынысын.

Ғұмыр кешкен бабалардың арымен,
 Адалдықты биік қойған бәрінен.
 Алғыс алған бесіктегі баладан,
 Көп жасаған кәріден.

Бала жастан армандаған биікті,
 Сол арманмен ел-жұрттына сүйікті.
 Кіслік пен кішіліктің жолына,
 Бар ғұмырын киыпты.

Жақсылыққа алғаннан соң бет бұрып,
 Тауға қарап, аталатын тектілік.
 Кесірлермен күреседі күн сайын,
 ...Ғұмыры оның өткен емес тек күліп.

Әділдіктің болғаннан соң тұрағы,
 Қалықтайды көңілінің қыраны.
 Жылыштың лебі есіп жүзінен,
 Ұлылық бол-ұраны.

Ақиқаттың мәпелеген құлышын,
 Адалдықтың талдаң өрген бұрымын.

Тіршілікте сан таныттың тектілік,
Шын бағасын білген өмір сырнының.

Адалдықты асыл мұрат деп біліп
Жүретін жан.

Тұла-бойы – тектілік.

Осы жанның өмірінің өрнегі,
Өнегесі жүргіме жетті нық.

... Биік жандар болғаннан соң ұнаған,
Биік таумен сырласады бұл ағам.

... Тау мінезді тарлан ағам – өзіңіз,
Сіз жайында көкірегімде тұнады ән!..



ІЗГІЛІК ДЕП БУҒАН БЕЛДІ

*(ҚР Жөннөрдің Сотының бас консультантты
Мұрсөлім Күлие Болатсепқызына)*

Ана тілін ардақтаған,
 «Ар ісі» деп пайымдал.
 Эр істі ойлап, салмақтаған,
 Даұрыс жолын «дайындал».

Құлагерге ұқсайды анық,
 Жасағанда – аударма.
 Тура жолды нұсқайды анық,
 Жүргінен жауды ар да.

Келешекке қадам мықты,
 Жасайтын жан – осы жан.
 Биік қойған адалдықты,
 Атар таңдан тосып ән.

Сүйе білу – туған жерді,
 Қандай,- десең, - үлгісі?
 Ізгілік деп буған белді,
 Ұсынарым – бұл кісі!..

Өнер десе – елеңдеген,
 Ән де салған, билеген.
 Өлең-жырға терендеген,
 Жұбанған жан – күйменен.

Бас изермін, макұлдармын,
 Тыңдаймын да сырларын.
 ...Жаны сүйген ақындардың,
 Жатқа оқиды жырларын.

Шүпілдейді кенереге,
 Жаны толы сый дегін.
 ...Айтып отыр немереге,
 Көкірекке тұйгенін...

Тілейтінім – өзіңізге,
 Өмірдегі ізгілік.
 Кие қонған сөзіңізге,
 Әлем тұрсын үздігіп.

Аппақ болсын көңіліңіз,
 Қолдаң әр кез Жаратқан.
 Ұзақ болсын өміріңіз,
 Бакыт әкеп әр ақ таң!..



АДАЛДЫҚҚА АШҚАН ӘР КЕЗ ҚҰШАҒЫН...

(КР Жөнірғы Сотының «Ақпараттық қамтамасыз ету бөлімі меңгерушісінің орынбасары Сәдуақасов Айдос Қартанбайұлына)

Қасиеттің секілденген тиегі,
Қызылорда топырағы, киелі.
Ұланы бар, ұшар шыңға асыққан,
Жүргіне жақсылықты түйеді.

Шаңырактың тәрбиесі, үйдегі,
Келешекке баға жетпес сый ма еді?!
Тіршіліктің тылсым сырын ұқтырды,
Коркыт ата кобызының күйлері.

Әрбір танын ақ тілекпен бастаған,
Көнілінде – қашаннан-ақ асқақ ән.
Адалдыққа ашып әр кез құшағын,
Арамдықтың жолын кескен, жасқаған.

Алдына өзі қойғаннан соң бақ-талап,
Таратады заң жайында ақпарат.
Ана тілдіңabyroyын ойлаумен,
«Тіл туралы заңды» өндеген апталап.

Әділдіктің томпак келсөн заңына,
Жақында ма, бұл жігіттің жанына.
Өзгелерге жасайды әр кез жақсылық,
Санасаң да жете алмассың санына.

... Жақсыны айтқын, ізгілікten гүл өрсін,
 Кім жайлы айттым?
 Мүмкін оны білерсің?
 Айдос ердің абыройын ұққандар,
 Ақ тілектің тізгінін бір жіберсін:

Бір өзіңе бақыт тілеп, бақ тілеп,
 Біз айтамыз бір өзіңе ақ тілек.
 Аскаралы армандарға жете бер,
 Шаттыққа әр кез толы болсын шат-жүрек!..



ҰЛГІ

Көкті мегзел таулардағы қыр гүлі,
Ауылымнан шыққан едім бір күні.
Ата-анамнан кеткен күннен алысталап,
Іздеп жүрдім мен өзіме – ұлгіні.

Сөз байласып кеткеннен соң түзбенен,
Мен даладай дархандықты іздегем.
... Амал нешік.
Атағы әйбат бұл қала,
Алғашында қарсы алған-ды сызбенен.

Бала кезде күнде көрдім биікті,
Ұлытауым ұлылыққа ұйытты.
... Анам байғұс сол киелі өлкенің,
Топырағын жол дорбама түйіпті.

Тұмар қылыш топырактың киесін,
Көп іздедім ерен ұлгі иесін.
Қакқызы кеп қалқадағы көркеуде,
Жаққызы кеп ана біреу күйесін.

Іздеп жүріп мен өзіме – ұлгіні,
Аға!
Содан сізді көрдім бір күні.
Жанарының жасы кеүіп жырымның,
Құмға толды көркеуденің құлқыны.

Дархандық пен биіктіктің өлшемін,
Көргеннен соң артты сізге ел сенім.
... Ақылдыңды асығамын тыңдауға,
Көңіліме келсе мұң...

ТІЛЕГІМ – ҚОСА АҒАРШЫ ҚОСАҒЫҢМЕН!

(Сіңілім Түсінбекова Айнұр Оңдасынқызына)

Балалық бал-дәурендей жолды откердің,
Қарашы, сені уақыт ойлы еткенін.
Анаңнан ақ сүт емген құлымын-ай,
Болғандай бүгін мәлім – бойжеткенін.

Алқасын сендік арман тағынады,
Бой жеттің.
Мәнді және магыналы.
Балапан кезіндегі сан тербелген,
Әткеншек әлі сені сагынады.

Асыр сап, еркін өскен қатарыңмен,
Сыр аулап көрдің бе, сен бота-куннен?
Тірегің – тыныштық боп тіршілікте,
Тілегім – қоса ағаршы қосағыңмен.

Шуакпен жақсы ісінді саралап күн,
Қадірлі келіні бол сан алаптың.
Қолдасын тіршіліктің өткелінде,
Аруағы Ұмай ана, Домалақтың.

... Ал, Айнұр!
Берілмestен қайғы-мұңға,
Ақку боп қоншы арманның айдынына.
... Түсімде қатар ұшқан қос аққуға,
Келешек кең құшағын жайды мына.

Бақытқа орансын да өмірлерің,
Екі жас, шат болсыншы көнілдерің.
Куаныш қатар жүріп қастарында,
Шуағын шаша берсін көгінде күн!..

ҚЫЗ-ҒҮМЫР

Бақыттың іздеген жан ізгі амалын,
 Қашаннан ғұмыры осы қыз баланың.
 Жанымнан жол тапқанда сыйдал ағын,
 Ойымның орманына жүз барамын.

Болған соң тірлігінің гүл – тұмары,
 Қыз-ғұмыр!
 Қызғалдақ бол құлпырады.
 Қанында ойнағанда қасиеті,
 Жанында асай арман жұлқынады.

Ері – емен.
 Өзі соны саялайды,
 Аруым тыныштықты аялайды.
 Ұл-кыздары - көк аспан жұлдыздары,
 Ғұмырын ұрпағы үшін аямайды.

Елім деп еміренсе от-өрені,
 Парызы сонда ғана өтеледі.
 Өмірін өрт шалмасын дейді-дағы,
 Тағдырдың талқысын да көтереді!

Қадірін сол жандардың елепті өзге,
 Бір сәтке көзінді сал дереккөзге:
 Кей сәтте болады да Ұмай-ана,
 Томирис бол кетеді керек кезде!

Тәлімі өрілетін таңдайынан,
 Аруды ардақтамас кандай ұлан?!
 Бесікті тербел үйде отырып-ақ,
 Сүйеді ол келешектің маңдайынан!..

АҚНҰРҒА

Кейлегімді киіп көрдің,
Айна айналып биледің.
Ұшар басы – биіктердің
Лайық саған – түйгенім.

Еркелігің жарасымды,
Қандай нәзік жүрегің?!
Өмірдегі бар асылды,
Бір өзіңе тіледім.

Күн келбеттім!
Келбетіңің
Керімін-ай, керімін!
Сұлулығы жер бетінің
Жалғыз ғана – сен!
Ұғын.

Кейлегімді киіп көрдің,
Айна айналып биледің.
Ұшар басы – биіктердің
Лайық саған – түйгенім.

...Ақ көйлекті кигенде бұл
Болып едім мен де гүл.
Сол бір жанды сүйген көніл,
Кешуде енді пенде-өмір.

Шаттанғаның, мақтанғаның,
Шұғыла боп тарайды.
Алдағы атар ақ тандарың,
Болсын әр кез арайлы!..

НАР ТӘҮЕКЕЛ – ҰЛЫ ЕСІМ

Аласарып айбының,
Жауып тұрды аспаныңдан қайғы-мұн.
Тіршілікке түсінбедің, дал болдың,
Куаныштың қиясынан тайды үнің.

Ауыр ойлар басқан кезде еңсені,
Көбейгені-ай, көңілінің кемсеңі.
Арманыңды теңеуші едің тауға сен,
Сол тауың да кеткені анық теңселіп.

Бойлай алмай түпсіз терең байыпқа,
Өмір-өзен.
Үлгермедің қайыққа.
Өз-өзіңің жаныңды жеп, замандас,
Өзінді-өзің тартасың кеп айыпқа.

Шаң боратып шапқылайды құлын-құн,
Амал нешік?
Сен осылай сүріндің.
... Біткені емес бұл бірақ та әніңің,
Біткені емес бұл бірақ та – жырыңың.

Жан емес ең, құн кешетін наң үшін,
Қайда кеткен, нар тұлғалы намысың?
Айқай салып атқа мінгін – ар үшін,
Ақ зер әлем танысын да – арысын!

Тек жеңістен тұрмаганмен куресің,
Есте болсын!

Нар тәуекел – ұлы есім.
... Көз қуантқан кемпірқосақ әдемі,
Жауыннан соң пайда болар.
Білесің!..

Жасыма!..



ҚҰМЫРСҚА ЖӘНЕ ИБРАЙИМ ПАЙҒАМБАР

Сен өмірде көріп пе едің құсаны,
Сені өмірде толқытты ма құс әні?
... Тірілерге тағылымы тым терең,
Айтайын ба мысалы?..

Серік етсен шаттық пенен күлкіні,
Қаулап өсер көңіліңдің бүртігі.
... Серуен құрган Ибраһим пайғамбар,
Құмырсаға жолығыпты бір күні.

Шағылмаган ешбір жаннан тауаны,
Мынау еді пайғамбардың сауалы:
- Ей құмырсқа!
Бағыт алдың қай жаққа,
Сауалымның болар ма екен жауабы?

Бейнет кешіп келесің-ау лайым,
Аузындағы тамшы су ма, құдайым!
Тамшы судың не қажеті болды екен,
Екінші бір сауалды да сұрайын!

Еңбекке әр кез ауатұғын ауаны,
Былай болды құмырсқаның жауабы:
- Залым Нәрмуд Ибраһим иемді,
Аландағы отқа апарып салады!

Пайғамбарға тәу етуші ем қуаныш,
Естігенде қалдым мұны қуарып.
Аландағы алаулаған сол өртті,
Сөндіруге кетіп барам су алып.

- Күнін кешіп көрмеп едім кесірдің,
 Күліп қойсам, сен құмырска, кешіргін.
 Тамшы сумен аландағы алауды,
 Қалай ғана келеді екен өшіргің?

- Имандылық түсіп жатыр талауға,
 Шамам менің жетпесе де алауға,
 Жетіп жатыр жалғыз тамшы
 Дегенмен
 Ниетімді білдіруге жарauғa!..



Мазмұны

Алғы сөз.....	3
Әмір толқыны	
Жүргесін тірілердің тізімінде немесе	
Африкалықтың арзы	6
Әмбриология.....	8
Ұмай ана, ұшықташы гүлінді	9
Әркөкірек өркениет ғасыры немесе	
“Роботтар жайлы”	11
Сығаның сызып берген жолыменен	12
Мен жеңіспін!.....	14
Үқастық.....	16
Ақ қанатты періште!.....	17
Сүйектен соққан калаштық.....	19
Той	21
Қыран болшы, көкке қанат қағар шын.....	22
Бірлік қазақ –ұғымы	23
Карт майдангер сөзі	25
Қазагымның екінші аты – кең дала	27
Ұлытау-ұлылық мекені.....	28
Жаратқаннан тілегім	29
Ұлпа бұлтты жастанам	30
Бола біл – тілекші!	32
Адами бағдарлама	33
Бәрібір сені, әмір!	34
Жігерлен, жасыма.....	35
Тағдыры тамшылардың?	36
Мен ешқашан өлең жазған емеспін!	37
Нұкте	39
Поэзия қайта оралдым өзіңе	40
Жауабы жоқ сауал	41
Жеті саны туралы ой толғау	43
Бала – әмірде күре жол	45
Сұрақ белгі көп болғаны несі екен?	46
Неге әмірден тұңғасын?	47

Жалғыз ақку	48
Табаныңа тас байланғыр уақыт	49
Люциферден хат	50
Қасиетті ауылым – Каракентір	52
Ойыны екен – үлкендердің	53
Жасап алдық біз бүгін жасандылық	54
Қамшы	55
Адасудың азабы немесе мәңгүрттің монологы.....	56
Жер – бесікке жеткенше.....	58
Жанымды жеп, жазамын азанты өлең.....	59
Шеңбер.....	60
Сенен іздел таппасам.....	61
Төрдегі Аяз бидің шапанына.....	62
Тасына біздің жақтың гүл шыгады!	63
Танысайық ! Тағдыр – менің есімім	64
Секілдісің бөлшегім.....	65
Кісікік	66
Аға, саған келіп ем мұң шаққалы	67
Шіркін, өлең	68
Маңдайымнан сүйгенде.....	69
Өзеурейсің, ей, өмір.....	71
Ақ мамық	72
Күн неткен ғажап бүгін!	73
Көңілім лезде басылды	74
Батып барам	75
Тылсым бар тырналардың үнінде!	76
Иммунитет	77
Құпия...	79
Найзагайдың назасы	81
Майқы бидің монологы	82
Қасым ханның соңғы күндері	86
Сезімнің сенірінде	
Қара түстен табайын ба жарасым?	91
«Өмір» дейтін	92
Жоқсың сен өзің ғана.....	93

Келер ме екен, қанатымен тырнаның?	94
Қателік.....	95
Мені іздесең – жырымды оқы, сондамын.....	96
Гашықтарға тосын із.....	98
Ұлытаудың сол бір айлы түнінде.....	99
Келер күнге кесемді	100
Шошытпа мені.....	101
Көгершін елес	102
Өзіңе-құлшылық.....	103
Күтудемін мен сені	104
Тау ғұлі	105
Сүйгеніме шипаңды бер, жаратқан	106
Бақыт деген... қандай екен ол өзі?	107
Ғұмырымды қылар едім айырбас	109
Ұшақтағы ой	111
Осының сыры неде екен?	112
Тосылам.....	113
Көктем екен...	114
Бір күнгі жұмақ бере гөр!	115
Сұртіп кетші түсімде	116
Көзің қандай ызгарлы?	117
Ойламауга тиісті емес те шығармын.....	118
Неге олай?	119
Саган өлең жазудан	120
Табаламасын түндерім.....	121
Кешіре гөр саябақ.....	122
Жаным, мені жауратпа!	123
Бүтін анық таныдым	124
Галай-талай теперішке төзген ек.....	125
Тек қана сені сүйем!	126
Сыр айтшы, дара кайың	127
Көңілімнің көркіне көзінді сал	128
Оралу жок өткенге	129
Суретіне қарап сол жанның...	130
Кимай қалдым тағы да.....	131
Шолді кезем сен үшін.....	132

Сырлас, тағы берішпен	133
Тұбі саған барамын	134
Жүрекке әмір жүрмейді	135
Ақ қанатты лебіздер	
Таулармен биіктігі таласатын	136
Әділдіктің әні кетті қалықтап	138
Бір ән кетті шарықтап	140
Өнегесі жүргіме жетті нық	142
Ізгілік деп буған белді	144
Адалдыққа ашқан әр кез құшағын	146
Үлгі	148
Тілегім – қоса ағарышы қосағыңмен!	149
Қызы гүмыр	150
Ақнұрға	151
Нар тәуекел ұлы есім	152
Құмырсқа және Ибраһим пайғамбар	154

Алма Түсінбекова Ақ қанатты перштем

**Кітап “ҮШ ҚИЯН” баспасының компьютер
орталығында беттелді**

Редакторы
Тех. редакторы

Жолдас САРМАНОВ
Құралай РЫСҚАЛИЕВА
Жадыра МАХМУТҚЫЗЫ

Басуға 10.09.2015 қол қойылды.
Пішімі 84x100 $\frac{1}{16}$ Қаріп түрі
“Times New Roman”. Көлемі 10 баспа әбақ.
Тарағымы 1000 дана. Тапсырыс № 85

Алматы қаласы, Райымбек даңғылы 60 үй
“Үш Қиян” баспасының баспаханасында басылды.
Тел: 393-29-38



*Маңдайдағы - тарыдай бақ, тамшы мұн,
Тамшы-ғұмыр, салмағыңмен жаншыдың.
... Тамшы тамбай тірлігіме бір түйір,
Сарша тамыз, сарғайттың-ау!
Қаңсыдым.*